ЖҰЛДЫЗ шұғылласы

№15 (8903)
жұма 15 сәуір
2022 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

KÜLTÖBE

Премьер-министр Ә.Смайлов:

БАҒА ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН САҚТАУ – ҮКІМЕТТІҢ БАСТЫ МІНДЕТІ

Үкіметтің цифрлық кеңсесінде Премьер-министр Әлихан Смайылов әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының өсуіне жол бермеу, сондай-ақ АЭА жұмысының тиімділігін арттыру бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы кеңес өткізді.

Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитетінің төрағасы Ержан Қазанбаев өткен аптада әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының өсімі 0,9 пайызды құрағанын айтты. Пияз 7,2 пайызға, сәбіз 2,6 пайызға, қырыққабат 2,5 пайызға, картоп 2,2 пайызға, сүт 1,8 пайызға, құс еті мен айран 1,6 пайызға, қант 1,1 пайызға қымбаттады. Өңірлер бойынша бағаның ең көп өсуі Маңғыстау облысында 2 пайызға, Солтүстік Қазақстан облысында 1,9 пайызға, Ақмола және Қызылорда облыстарында 1,5 пайыздан тіркелді. Жыл басынан бері бағаның өсуі 12,4 пайызды құрады.

- Біз бөлшек сауда нысандарының рұқсат етілген сауда үстемесін сақтауы бойынша жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді жалғастырып жатырмыз. Мәселен, өткен аптада үй жанындағы 30,8 мың дүкенде, яғни сауда объектілерінің 73 пайызында рейдтік іс-шаралар жүргізілді. Осы аптада 231 бұзушылық анықталды. Соның нәтижесінде сауда үстемелері 25 пайызға төмендеді, - деп атап өтті Е.Қазанбаев.

Сонымен қатар «айналым схемасын» қаржыландыруды ұлғайту жұмысы өңірлерде төмен деңгейде жүріп жатқаны атап өтілді: жоспарланған 100 млрд теңгенің 58,3 млрд теңгесі ғана бөлінді.

Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев елдегі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік қоры шамамен 643,5 мың тоннаны құрайтынын хабарлады. Қант зауыттары өнімін есепке алмағанда, шамамен 30 мың тонна қант қоры бар. Бұл ретте ел ішінде үздіксіз өндіріс қамтамасыз етілді және Үндістаннан қосымша қант көлемін жеткізуге келісімшарт жасалды.

Әкімдіктердің деректеріне сәйкес, республика бойынша картоп қоры 199 мың тоннаны, қырыққабат – 17,2 мың тоннаны, сәбіз – 43,1 мың тоннаны, пияз – 23,1 мың тоннаны құрайды.

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Серік Жұманғарин монополияға қарсы әрекет ету шаралары туралы баяндады. 12 өңірде өнімдердің көтерме сауда субъектілеріне қатысты агенттіктің аумақтық бөлімшелері талдау жұмыстарын аяқтады, монополиялық жоғары бағаларды белгілеу фактілері бойынша 90-ға жуық сауда базарына қатысты тексеру тағайындалды.

Есептерді тыңдаған Әлихан Смайылов бір апта ішінде азық-түліктің негізсіз қымбаттауына жол берген өңірлердің әкімдеріне бұл мәселеге жеткілікті бақылау жасалмай отырғанын атап көрсетті.

2-бет

12-СӘУІР ҒАРЫШКЕРЛЕР КҮНІ

ЖҰЛДЫЗДАР ӘЛЕМІМЕН БАЙЛАНЫСТА ЕЛІМІЗ ОСАЛ ЕМЕС

1961 жылы 12 сәуірде дүниежүзілік-тарихи маңызы бар, адамзат тарихындағы ең ұлы оқиға болды. Юрий Алексеевич Гагариннің тізгіндеуімен Қазақстанның «Байқоңыр» айлағынан алғашқы ғарыш кемесі көкке көтерілді. Бұл – адамзат тарихындағы айтулы оқиға еді. Осылайша Юрий Гагарин – әлемнің тұңғыш ғарышкері, ал Байқоңыр – ғарыш аймағына айналды.

Сонымен бүкіл адамзат үшін жаңа дәуірді - адам басқаратын ғарышкерлік дәуірін ашты. Иә, ғарышкерлердің ерлігі мен беделі жайлы, жалпы 21-ғасырдағы ғарыштағы жаңалықтар жайлы айта беруге болады. Десек те әлемнің дастарханына ортақтаспай, өзіміздің ахуал жайлы сөз қозғасақ. Қазақ ғарышы қалай дамып келеді? Жалпы ғарыш әлемінде Қазақстанның рөлі қандай?

Бүгінде әлемде 30 ғарыш айлағы бар. Соның бірі де бірегейі - «Байқоңыр». Ғарышкерлердің қатарында қазақ батырлары жоқ емес. Қазақстан тарихы бетінде есімі алтын әріптермен жазылған үш отандасымыз бар. Олар Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетов. Қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер Тоқтар Әубәкіров 1991 жылы 2-қазанда Байқоңырдан «Союз ТМ-13» кемесімен ғарышқа ұшып, сол жылы 10-қазанда жерге оралды. Ал Гиннестің рекордтар кітабына енген Талғат Мұсабаев ғарышқа 3 рет ұшқан. 1994 жылы ғарышқа бірінші рет ұшқанда 126 күн ғарышта өткізген. 1998 жылы екінші рет ұшқанда 208 күн ғарышта өткізді. Гиннестің рекордтар кітабында бір айдың ішінде 5 рет, 30 сағат 8 минут ұзақтығымен ашық ғарышқа шыққаны тіркелді. 2001 жылы үшінші рет ұшқанда 8 күн ғарышта өткізді. Қазақстандық ғарышкерлердің тізімін аяқтайтын Айдын Айымбетов. 2015 жылы 2-қыркүйекте Байқоңыр ғарыш станциясынан Халықаралық ғарыш станциясына аттанды. Жұлдыздар әлемінде 10 күн болып, маңызды зерттеулер жүргізді.

Қазақстанның ғарыш саласына дербес мемлекет есебінде маңыз беріп, осы тұрғыда бағыт-бағдарын айқындай бастағанына биыл 29 жыл. 1993 жылдың ақпан айында сол кездегі ел президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығымен отандық ғарыш саласын дамытуға өкілетті мемлекеттік орган құрылды. Бүгінде сол «Қазғарыш» үлкен ұйымға айналған.

Ғарыштың ғаламатынан сескенбей, қазақ елінің атын шығарған үш бірдей ғарышкеріміздің бары, әрине қуантады. Десек те болашақта қазақ елі ғарыш державасына айнала ма? Державаға айналу үшін әрине білікті де білімді маман керек. Ал бізде ондай мамандар бар ма? Көкейдегі жүрген өзекті сұраққа Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Ғарыштық техника және технологиялар» кафедрасының оқытушысы Асыл-Дастан Базарбек жауап берген екен.

- Жалпы, елімізде ғарыш саласында білім беретін мамандық алғаш рет осыдан сегіз жыл бұрын ашылды. Дәлірек айтсақ, 2010 жылдың күзінен бастап. Қазақстанның екі бірдей оқу орны: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Алматы энергетика және байланыс университеті «Ғарыштық техника және технологиялар» мамандығы бойынша алғашқы студенттерді қабылдады. Бір жылдан соң бұл тізімге тағы да екі ЖОО кірді: Қ.И.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті мен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Міне, содан бері қаншама мамандар даярланып келе жатыр. Оған магистрлер мен PhD докторларын қосыңыз. Демек, еліміздегі әрбір университет қазақ ғарыш саласын дамытуға өз септігін тигізіп келеді. Ғарыш арқылы қол жеткен жетістіктер біздің өмірімізге игілік ретінде дендеп енгендігін өзіміз аңғармай қалуымыз мүмкін. Күнделікті қолданыстағы ұялы телефон мен теледидардан бастап, ғарышпен тікелей байланыс және ғылым мен техникалық даму бір орында тұрған жоқ. Осы өркениеттің бастауында тұрған Қазақстанның болашағы жарқын. Алдағы уақытта өзіміздің мамандарымыз Ресей, АҚШ, Қытай, Бразилия, Израиль секілді ғарыштық алпауыттар қатарына кіруге мүмкіндік жасар. Кім біледі, мүмкін өзіміздің түлектеріміздің арасынан болашақ Илон Маск, Сергей Королев, фон Браун секілді аты аңызға айналған ғарыш саласының азаматтары шығып қалар, - дейді маман.

А.ӘЛІМЖАНОВА

YRYS

КӨКТЕМГІ ДАЛА ЖҰМЫСЫ: ҚАРЕКЕТ ҚАНДАЙ?

Қазір шаруаның уақыты қат. Күн ерте жылынып, қыстың сызы кетісімен дала төсінде қыбыр-қыбыр тірлік басталып та кетті. Тырп етпей жатқаны жоқ. Қыстай техникасын сайлаған дала еңбеккерлері жер-Ана төсінде қызу еңбекте. Жылғы ырызыққа қамды бүгіннен бастамаған, несібеден құр қалады. Дәл солай. Диқандар халықтың қарны тоқ, наны көп, көйлегі көк болуы үшін тер төгеді. Еңбектенеді.

Бүгінде әлемнің қайта қозған әлемнің қыбыр тіршілігінен Ескелдінің шаруалары да қалыс қалып жатқан жоқ. Жер емген бабалардың ұрпағы, тіпті тынымсыз. Қыстай кең даланың төсі мүлгіген тыныштықта болып еді, қазір қарыс жер болса да дән себуге даярлауға ұмтылған құрыш қайратты еңбек адамы мен ол тізгіндеген техниканың дүбірінен құлақ шулайды. Құлаққа ұрған танадай дала жоқ қазір. Тыпыр-тыпыр тірлік. Қыбыр-қыбыр қарекет.

Ескелді ауданында жалпы аумағы 53170 гектар егіс алқабы бар. Оның 21595 гектары суармалы әдіспен егін егуге қолайлы болса, 31575 гектары тәлімі егінге негізделген. Яғни, тез пісетін астыққа арналған. Аудандық ауылшаруашылығы мамандары берген мәліметке сүйенсек, біздегі шаруалар 28750 гектарға дәнді дақыл, 12343 гектарға майлы дақыл сеппек. Одан қалды халық көп тұтынатын азықтар қатарына жататын картопты 2348 гектарға орналастыру көзделсе, 1050 гектарға көкөніс және бақша дақылдары егілмек. Ауданның негізгі өнімі саналатын тәтті түбір, яғни қант қызылшасы 1800 гектарға орналастырылады деп жоспарланған. Бұл ретте былтыр күзде 7700 гектарға себілген дәнді дақылды есепке қосу қажет. Айтпақшы, тиісті саланың мамандарының сөзінше, осынша гектарға жаңа сорттағы дақылдар егіледі екен. Сонымен қатар, басқа өңірлерде қылаң берген тұқым тапшылығы ауданда мүлдем сезілмейді. Ал қолда бар тұқымды бабында ұстау, улау һәм дәрілеу жұмыстары жүйелі жүргізіліп отыр екен. Оған қоса егінге қажетті 1057 тонна минералды тыңайтқыш ескелділік шаруалардың еңбегін еселейді. Әрі аудан әкімдігі тарапы сатып алынған тыңайтқыштың құнының 30-40 пайызын субсидиялауды қарастырып қойған.

Өткен жылы еліміздің батыс және оңтүстік өңірлерінде мал азығынан тапшылық байқалды, қарабайыр тілмен айтқанда қуаңшылық болып, төрт түлік жұлып жер қылтанақ таппай қиналды. Сол уақта аудан жұртшылығы тонналап, вагондап мал азығын құрғақшылық жайлаған өңірге жөнелткен еді. Биыл да аудан шаруалары мал азығын мол жинау мақсатында 6791 гектарды күтіп-баптайды. Жыл басында еліміздегі ауылшаруашылығының біліктілері мен білгірлері ағын су тапшылығы болады деп дабыл қаққан еді. Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің мамандары Ескелді жерінде мұндай алаңдаушылықтың жоқтығын айтады.

Жоғарыда шаруалардың жұмысы «шылқып» тұрғанын айттық. Дала төсінде 1428 доңғалақты, 55 шынжыр табанды трактор аянбай тірлік етуде. Бұл техниканың 11-і жаңа. Биыл ауданның шаруалары 260 млн. теңгеден астам сомаға осынша техника сатып алған. Жанар-жағар май тапшылығы да сезілмейді. Ескелділік шаруаларға наурыз айына межеленген 560 тонна жағар майдың 339 тоннасы сатып алынған. Дизель отынының құны да аса қымбат емес. Шаруалар жағармайдың әр литрін 196 теңгеден сатып алуда.

Жалпы, Ескелді ауданында 1700-ден астам шаруа қожалық бар. Оның 1200-дейі егін шаруашылығымен айналысады. Тиісті салаға жауапты бөлімнің мамандарының айтуынша, көктемгі дала жұмыстары жауын-шашын болмаса мамыр айының ортасында аяқталады деп жоспарланған. Бастысы шаруалардың еңбегі еш кетпей, биыл ауданның әрісі облыс, елдің несібесі күзде мол жиналсын деген тілек бізден болсын.

М.МАҚСЫМ

♦JOLDAUDY QOLDAU

ЖОЛДАУ – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР МЕН ТЫҢ ӨРІСТЕРГЕ БАСТАЙДЫ

Ел президенті Қ.Тоқаев «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты дәстүрлі Жолдауында халық пен билік арасында сенімді қарым-қатынас орнатуға мүдделі екенін танытты.

Жолдаудағы мәслихат қызметіндегі маңызды өзгеріс – мәслихат хатшысы лауазымынан төраға болып өзгеруі. Бұл өзгеріс өкілді органдардың рөлін күшейтіп, жергілікті өзін-өзі басқару институтына тың серпін береді. Мәселен, мәслихаттарға сайлаудың аралас үлгісін енгізу уақыт тудырған үдеріс десек, жаңсақтық болмас.

Жолдауда президент: «Алдымызда Парламенттің рөлін күшейту міндеті тұр. Бұл «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын табысты жүзеге асыруға жол ашады. Біз болашақта қандай ел болатынымызды нақты білеміз», - деген еді. Мемлекет басшысының бұл бастамасы елдің жаңа тынысын ашады деген үміттеміз. Шын мәнінде мұндай игілікті қарекеттен соң парламенттің рөлі күшейеді. Халықтың сенім мандатына ие болған депутаттарға жоғары жауапкершілік жүктеледі. Олар мемлекетімізді өркендету ісіне белсене атсалысуға тиіс. Алайда ең алдымен, Сенатты жасақтау тәртібін және оның бірқатар функциясын қайта қараған жөн. «Президенттің Сенаттағы квотасын бақылаудың құралы емес, парламентте өкілдері аз әлеуметтік топтардың үні мен ой-пікірін ескеру тетігі ретінде қарастырған жөн. Осы орайда мен президенттің Сенаттағы квотасын 15-тен 10 депутатқа дейін азайту туралы шешім қабылдадым. Оның бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясы қазіргідей сайламайды, тек ұсынатын болады», - деді мемлекет басшысы. Оның пайымынша, парламенттің төменгі палатасында еліміздегі түрлі саяси көзқарас көрініс табуға тиіс. Ешкімге жасанды артықшылық берілмеуі керек.

Президент Жолдауындағы әр бөлімі ойымыздан шықты. Елімізде жаңадан облыстар құрылатыны қуантты. Мәселен, бұрынғы Семей облысының негізінде Абай облысы, бұрынғы Жезқазған облысының негізімен Ұлытау облысы, сонымен қатар қазіргі Алматы облысы екіге бөлініп, Алматы және Жетісу облыстары құрылады.

Бұл тұрғыда еліміздің өркендеуіне, халқымыздың әл-ауқатының жақсаруына үлкен септігін тигізетіні сөзсіз. «Қазақты жылатпа, қорлыққа берме» - халқымыздың ардақты перзенті Дінмұхамед Қонаев кезінде осылай деген. Қапшағай қаласына Қонаев есімін беру тарихи әділдік орнататын идея деп білемін.

Ел Президенті: «Өзгерісті әрқайсымыз өзімізден бастауымыз керек. Бізге ешкім сырттан келіп, ештеңе жасап бермейтіні анық, бәрі өз қолымызда», - деп айтқан тарихи сөзі бәрімізге де жауапкершілік жүктейді.

Қ.САТАНОВ,
аудандық мәслихат хатшысы

Басы 1-бетте.

Премьер-министр Ә.Смайлов:

БАҒА ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН САҚТАУ – ҮКІМЕТТІҢ БАСТЫ МІНДЕТІ

♦KÜLTÖBE

- Маңғыстау облысында пияз 39,2 пайызға, сиыр еті 5,5 пайызға қымбаттаған. Өткен жылы біз Жамбыл облысының фермерлерімен өңірге пияз жеткізу бойынша уақытылы келісімшарт жасау қажеттігі туралы бірнеше рет айтқан едік. Аталған жұмыс орындалмады, сол себепті азық-түлік бағасының өсуіне жол беріліп отыр. «Айналым схемасына» 3,6 млрд теңгелік жоспар кезінде 1,1 млрд теңге бөлінді. Бөлінген қаражаттан кәсіпкерлерге 177 млн теңге ғана бағытталды, - деді ол.

Үкімет басшысы соңғы екі жылда Солтүстік Қазақстан облысында сүт-тауар фермаларын салуға айтарлықтай қаражат бөлінгенін атап өтті. Бұл орайда өңірде сүт өнімдері, айран, сүзбе мен сары май тиісінше 14,3 пайызға, 9,5 пайызға және 5,3 пайызға қымбаттады.

- Азық-түлік бағасын ұстап тұру – бірінші кезектегі маңызды мәселе. Мен бірнеше рет «айналым схемасын» қаржыландыруды арттыруды тапсырған едім. Алайда бүгінде жұмыс тиісті деңгейде орындалған жоқ. Осы айдың соңына дейін қаржыландыруды 100 млрд теңгеге дейін арттыруды тапсырамын. Алдағы аграрлық маусым қарсаңында өңірлердің бірінші кезектегі міндеті күзгі ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткізуге форвардтық шарттар жасасу болуы тиіс. Егер қазір мүмкіндікті жіберіп алсақ, маусымаралық уақытта біз бағаның өсуіне тағы да тап боламыз, - деді Ә.Смайылов.

Премьер-министр Ауыл шаруашылығы министрлігіне әкімдіктермен бірлесіп, тұрақты негізде өндіріс пен тұтыну теңгерімін өзекті етіп отыруды, өңірлер арасында ауыл шаруашылығы өнімдерін олардың қажеттіліктерін ескере отырып жедел тәртіппен жеткізуді тапсырды. Сондай-ақ Ауыл шаруашылығы министрлігіне әкімдіктермен бірлесіп, көкөніс өнімдерінің тапшылығы мен қажеттілігін ескере отырып, егілетін дақылдарды әртараптандыру бойынша шаралар қабылдау қажет. Сауда үстемесін бақылауға ерекше назар аудару керек.

- Азық-түлік өнімдері бағасының өсуі жалақыны, зейнетақыны, әлеуметтік төлемдерді арттыру және жалпы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет жүргізетін азаматтардың кірістерін ұлғайту жөніндегі ауқымды жұмыстың барлығын жоққа шығарады. Бұл халықтың наразылығын туды-рады. Әкімдер мен министрлер бұл мәселеге ерекше назар аударуы керек, - деп атап өтті Ә.Смайылов.

Кеңестің екінші мәселесі арнайы экономикалық аймақтар қызметінің тиімділігін арттыру шараларын қабылдау болды. Өз сөзінде ҚР ИИДМ басшысы Қайырбек Өскенбаев кейбір өңірлерде АЭА аумағын кеңейту, оңтайландыру шараларын жүргізу, басталған инфрақұрылымның құрылысын аяқтау, бейінді емес қызмет түрлерін қысқарту жоспарланғанын хабарлады.

Үкімет басшысы жиында Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, биылғы 25 сәуірге дейін Үкіметке АЭА дамыту жөніндегі өзектендірілген Жол картасын енгізуді тапсырды.

♦BÄREKELDI

КЕЛІНДЕР ШЫҚТЫ САЙЫСҚА...

Апта басында аудандық мәдениет үйінде «Пай-пай шіркін, қазақтың келіндері-ай» атты аудандық келіндер байқауы өтті. Ақ орамал, ұлттық киім, қою қара қос бұрым – сайысқа бағын сынуға келген келіндердің бейнесі дәл осындай. Келіндер 10 ауылдық округтен жиналған. Олар қолөнер бұйымдарын көрсету, сәлемдесу, бесік жырын айту, дәстүрге байланысты сұрақтарға жауап беру, өз өнерін көрсету сынды 5 кезеңде бақ сынады.

- Бүгінде қыз тәрбиесін бірінші орынға қойып, келіндердің аяулы ана, ардақты жар, өнегелі отбасының ұйытқысы екенін тереңінен түсіндіруге бағытталған мұндай игілікті шара 5 бөлімнен тұруы бекер емес. Біз барлық тарапты қамтуға тырыстық. Осындай бастамаларымыз арқылы ауылдың келіндері арасындағы достықты, ене мен келін арасындағы қарым-қатынасты нығайтсақ дейміз, - дейді мәдениет үйінің әдіскері Ардақ Комекова.

Байқауға аудандық аналар кеңесінің төрайымы Дина Карипова, ауданның құрметті азаматы Күлжамал Көптілеуова, аудандық ішкі саясат бөлімінің инспекторы Мұрат Шерекенов, мәдениет саласының ардагері Мария Бектұрғанова, «Жетісу келіндері» орталығының директоры Арайлым Әлімжанова әділ-қазылық етті. Конкурста жас келіндердің өнері жан-жақты сарапталып, жеңімпаздар да анықталды.

Сонымен, келіндер конкурсының бас жүлдесін Қоңыр ауылынан келген Жайдары Нұрсадықова жеңіп алды. Ал, бірінші орын Қайнарлы ауылының келіні Айсымбат Әділетке бұйырды. Жүзден жүйрік атанған ару және басқа жүлдегерлер мәдениет үйінің директоры Қанат Оспановтың қолы мен арнайы мөр басылған алғыс хатпен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

- Келіндер қауымы қашан да қазақтың беткеұстар айнасы екендіктерін ұмытпағандары абзал! Барған жерге тастай батып, судай сіңу, сол әулеттің өзіне тән ережесі мен қағидасын орындап жүру – келіндердің басты парызы. Бүгін де жас келін сол әулеттің ақ отауы болса, келешекте сол әулеттің ақ ордасына айналады. Өздерінен кейінгілерді тәрбиелейді. Осындай халқымыздың мәңгілік ел болып қалуына үлес қосатын келіндердің барын көріп, көңілім марқайып отыр, - дейді ауданның құрметті азаматы Күлжамал Көптілеуова.

А.Нұржанқызы

ЛЕСНОЙ ПОЖАР

Ежегодно с наступлением весенне-летнего пожароопасного периода увеличивается количество пожаров, большая их часть происходит в лесах.

В пожароопасный период в лесу запрещается:

Разводить костры;

Бросать горящие спички и окурки;

Оставлять промасленный или пропитанный бензином и иными горючими веществами обтирочный материал;

Оставлять на освещенной солнцем лесной поляне бутылки или осколки стекла; выжигать траву и стерню на полях.

До 80% лесных пожаров возникает из-за нарушения населением мер пожарной безопасности при обращении с огнем в местах труда и отдыха, а также в результате использования в лесу неисправной техники.

Причинами лесных пожаров чаще всего, по мнению специалистов, становятся: Безответственное поведение людей, которые не проявляют в лесу должной осторожности при пользовании огнем, нарушают правила пожарной безопасности, оставляют непотушенные костры или окурки в местах отдыха. Детская шалость с огнем.

Сжигание мусора вблизи жилых домов и на территории, прилегающей к лесным массивам.

Искры из выхлопных труб автотранспорта.

Самовозгорание промасленного обтирочного материала.

В редких случаях виноваты естественные причины:

удар молнии.

Уважаемые граждане! Помните! Выжигание травы и разведение костров в запрещенных местах может привести к непоправимой беде.

Берегите себя и своих близких!

А.ДУБЕКОВ,
Главный специалист ОЧС Ескельдинского района

ПРОВОДИЛИСЬ УЧЕНИЯ

Начале апреля на территории Ескельдинского района проведены учения по отработке взаимодействия сил и средств районных подразделений при тушении лесных и степных пожаров.

На учениях отработаны вопросы тактики тушения лесных и степных пожаров, привлечены районные подразделения Ескельдинского района, в виде сотрудников ОЧС Ескельдинского района пожарной части-23 села Карабулак, Талдыкорганского лесного хозяйства, добровольные противопожарные формирования 3-х сельских округов, а также сотрудники службы гражданской защиты Ескельдинского района.

Всего на учениях было привлечено 30 сотрудников личного состава и 10 единиц техники. Далее сотрудниками были проведены конные рейды в местах отдыха граждан, а также, в центральном базаре села Карабулак организовано открытая приемная по разъяснению гражданам правила пожарной безопасности в пожароопасный период, так же разъяснение проводилось посредством громкоговорящих устроиств. Для освещения данного мероприятия в СМИ привлечен Областной телеканал Жетысу.

СТАНЬ ВОИНОМ ВООРУЖЕННЫХ СИЛ РК

Объединенным отделом по делам обороны Ескельдинского и Коксуского районов продолжается набор кандидатов на воинскую службу по контракту из числа офицерского, сержантского и рядового состава запаса для приема в Вооруженные Силы без испытательного срока (без стажировки).

Лица, поступающие на воинскую службу по контракту, должны отвечать требованиям статьи 38 Закона РК от 16 февраля 2012 года № 561 «О воинской службе и статусе военнослужащих».

По вопросам обращатся по адресу: Ескельдинский район п. Карабулак ул. Жеруйык 13, тел. 8 728 36 3- 82- 26

С.ЖУМАХАНОВА,
помощник начальника отдела (по военно-патриотической работе и работе с ветеранами Вооруженных Сил) гражданский персонал

ЖОБА

Ескелді аудандық мәслихатының 2018 жылғы 30 қаңтардағы № 25-165 «Ескелді ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Ескелді аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Ескелді аудандық мәслихатының «Ескелді ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 30 қаңтардағы №25-165 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4529 тіркелген) шешіміне келесі толықтырулар енгізілсін:

Ескелді ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

7-тармақ 1-тармақшасы келесі абзацпен толықтырылсын:

Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмекке өтініш білдіру мерзімі – үш ай.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы **Аты -жөні**

ПРОЕКТ

О внесении дополнений в решение Ескельдинского районного маслихата от 30 января 2018 года № 25-165 «Об утверждении Правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан Ескельдинского района»

Ескельдинский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Внести в решение Ескельдинского районного маслихата «Об утверждении Правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан Ескельдинского района» от 30 января 2018 года № 25-165 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 4529) следующие изменения и дополнения:

В Правилах оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан Ескельдинского района, утвержденных указанным решением:

Подпункты 1 пункта 7 дополнить следующим абзацом:

Срок обращения за социальнной помощью при наступлении трудной жизненной ситуации вследствие стихийного бедствия или пожара – три месяца.

2. Настоящее решение вводятся в действие по истечении десяти календарных дней после дня их первого официального опубликования.

Должность **ФИО**

Дархан Жазықбаев:

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасы Дархан Жазықбаевтың «Egemen Qazaqstan» республикалық газетіне берген сұхбаты

МАҚСАТЫМЫЗ – ЕЛ ИГІЛІГІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ

Дамудың жаңа кезеңіне қадам басып жатқан Қазақстанда басым бағыттың бірі – мемлекеттік қызмет жүйесін жаңғырту. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ел тізгінін ұстағалы бұл салада тың бастамалар көтеріліп, ілкімді істер қолға алынды. Жақында жарияланған Жолдауда да мемлекеттік қызметке қатысты жаңа міндеттер жүктеліп отыр. Осы орайда Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаевпен арнайы жолығып, саладағы жұмыстардың барысы туралы біраз мағлұматқа қанықтық.

– Дархан Медеғалиұлы, Мемлекет басшысы «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты халыққа Жолдауында елімізде мемлекеттік басқаруға қатысты бірқатар саяси реформаның жүргізілетінін жария етті. Сіздің пікіріңізше, Жаңа Қазақстандағы мемлекеттік қызмет қалай ұйымдастырылуы керек?

– Президент Жолдауында ұсынылған бірқатар саяси реформа қоғамның қажеттілігі мен сұранысына негізделген. Мемлекет басшысы «Біздің мұратымыз – Жаңа Қазақстанды құру. Жаңа Қазақстан дегеніміз – егемен еліміздің болашақтағы бейнесі» деп басты бағдарды анықтап берді. Бұл қоғамдық санаға серпін беріп, елдің ертеңгі күнге сенімін арттыруда.

Мемлекет басшысы атап өткендей, біз «мемлекет пен қоғамның өзара сеніміне және құрметіне негізделген жаңа саяси мәдениетті қалыптастырамыз». Ал бұл мақсатқа жету үшін «әрбір адам және бүкіл қоғам, құндылықтарымыз түбегейлі жаңаруға тиіс».

Президент «Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» деп үнемі айтып келеді. Осыған сәйкес, Жаңа Қазақстандағы мемлекеттік қызмет бюрократияға жол бермейтін, сервистік сипатта ұйымдастырылуы керек. Бұл – халықтың талабына сай болу, елдің қажетінен шыға білу деген сөз.

Бүгінде халық тарапынан мемлекеттік органдардың қызмет көрсетуіне қатысты кейбір көңілтолмаушылықтардың бары жасырын емес. Осы олқылықтардың орнын толтыру – біздің алда атқарар қызметіміздің басты бағдары. Ол үшін ашық, әділ, адал, адамға бағдарланған мемлекеттік аппарат қалыптастыруымыз қажет. Мақсатымыз – ел игілігіне қызмет ету. Жаңа Қазақстандағы мемлекеттік қызметті ұйымдастыру осы бағытта жүргізіледі.

– Жолдауда жергілікті өзін өзі басқаруды орталықсыздандыру жайлы айтылды. Осыған қатысты ойыңызбен бөлісе кетсеңіз...

– Жолдауда айтылған жергілікті өзін өзі басқаруды орталықсыздандыру ең алдымен саяси жаңғыруды нәтижелі жүзеге асыруға және азаматтық қоғамды дамытуға бағытталып отыр.

Мемлекет пен жергілікті өзін өзі басқару институттарының өзара міндеттерін нақтылау бұлардың рөлін күшейтіп, жауапкершілігін арттырады. Себебі аталған институттар қа--былданған шешімдерге тікелей жауапты болады. Олардың дербес шешім қабылдауына мүмкіндік беру азаматтардың тұрғылықты жерлердегі мәселелерді шешуге тікелей атсалысу белсенділігін арттырады. «Өзім дегенде, өгіз қара күшім бар» дейді ғой халқымыз. Әр азаматтың өз қаласы, өз ауданы немесе өз ауылы үшін белсенділік танытын, жауапкершілікті сезініп, үлесін қосуына және тиімді нәтижелерге қол жеткізуіне жаңа мүмкіндіктер туындайды.

Осы тұста өңірлерді қаржыландыру жүйесін әрі қарай жетілдіру, яғни жергілікті өзін өзі басқару органдарын тікелей қаржыландыру тәсілін енгізу олардың жоғары тұрған әкімдіктерге қаржылық тәуелсіздігін бәсеңдетіп, өңір басшылығының жергілікті ахуалға ықпал ету мүмкіндігін және жауаптылығын арттырады.

Нәтижесінде, Жолдауда айтылған шараларды жүзеге асыру, жұртшылықты өзін толғандырған проблемаларды оңтайлы шешу ісіне жұмылдыра алатын, жауапкершілігі мол жергілікті көшбасшылардың шығуына септігін тигізеді. Сонымен қатар азаматтардың жергілікті басқаруға ықпалы мен белсенділігі артып, жергілікті өзін өзі басқару жүйесі нығая түседі. Бұл – мемлекеттік басқару жүйесін демократияландырудың ашық көрінісі.

– Жыл басында Мемлекет басшысы агенттікке бірқатар тапсырма берді. Сол тапсырмалар бойынша қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

– Мемлекет басшысы мемлекеттік қызметке кіру және одан шығу рәсімдерін жеңілдету, бюрократияға жол бермеу, меритократия қағидатын ілгерілетуге қатысты агенттіктің алдына жаңа міндеттер қойған болатын. Қазір бұл мәселелер зерделеніп, ұсыныстар әзірленуде.

Бүгінде агенттік тарапынан мемлекеттік қызметке іріктеуді жеңілдету бойынша бірқатар ұсыныс дайындалды. Мәселен, жоғары оқу орындары мен колледждерде мемлекет есебінен білім алып, оқу үлгерімінің орташа балы (GPA) жоғары көрсеткіштегі маман иесі атанған жастарымызды аудандық және ауылдық деңгейлердегі ең төменгі лауазымдық мемлекеттік қызметке конкурстық іріктеусіз қабылдау ұсынылып отыр.

– Осы тұста нақтылай кетсек, сонда бұл арнайы жастар үшін қарастырылып отырған жеңілдіктер ме?

– Солай десе де болады. Біріншіден, бұл жас мамандардың ел өңірлеріне оралып, оның дамуына үлес қосуға жол ашса, екіншіден, аймақтарда кадр тапшылығын азайтуға ықпал етеді деп күтілуде. Қазіргі уақытта агенттік тарапынан мемлекеттік қызметке іріктеуді жеңілдету бойынша басқа да ұсыныстар дайындалып жатыр.

Мемлекеттік қызметтен шығу рәсімдерін жеңілдетуге қатысты сұраққа келсек, қолданыстағы ережеге сәйкес, қызметші екі жыл қатарынан теріс бағалауға ие болғаннан кейін жұмыстан босатылуы мүмкін екенін атап өткен жөн. Осы мәселені бағалау құралының рөлін арттыру арқылы шешу ұсынылады. Осылайша тоқсан сайынғы бағалауды енгізгеннен кейін, екі тоқсан қатарынан қанағаттанарлықсыз баға алған қызметшілердің лауазымын төмендету, ал төмен тұрған бос лауазым болмаған жағдайда оларды лауазымынан босату ұсынылады. Бұл тиімсіз мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін арттыра отырып, оларды қызметтен босату рәсімдерін жеңілдетеді деп күтілуде.

Меритократия қағидатын ілгерілету мәселесіне келер болсақ, қолданыстағы заңнамаға сәйкес, мемлекеттік қызметшіден лауазымын жоғарылату үшін конкурсқа қатысуы талап етіледі. Бұл ретте мемлекеттік қызметте конкурссыз мансаптық ілгерілеу төмен тұрған лауазымдағы екі жыл еңбек өтілінен кейін ғана мүмкін.

Біз мемлекеттік қызметшілерді мансаптық ілгерілету барысында олардың қызметінің тиімділігіне берілген бағаны есепке алуды ұсынып отырмыз. Осылайша тоқсан сайынғы бағалауға көшу қызметші жұмысының тиімділігін екі жыл күтпей-ақ, тезірек бағалауға мүм-кіндік береді. Сәйкесінше, қатарынан төрт тоқсан бойы жоғары баға алған қызметшілерді тікелей тағайындаумен лауазымын жоғарылату ұсынылады. Белгілі бір қызметшіні көтер-мелеу мақсатында бағалауға формальды келуді болдырмау үшін мұндай тағайындау агенттікпен келісіледі.

Осы айтылғандармен қатар, мемлекеттік басқаруда бюрократияға жол бермеу, оны болдырмауға қатысты бірқатар ұсыныс әзірленді.

– Жақында мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі жаңа редакцияда қабылданды. Жаңа редакциядағы Әдеп кодексінің бұрынғы нұсқадан басты айырмашылықтарына тоқтала кетсеңіз...

– Жаңа редакцияда қабылданған мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі қызметтік әдеп нормаларын дұрыс түсінуде және қолдануда ерекше маңызға ие.

Біріншіден, бұрынғы Әдеп кодексінде мемлекеттік қызметшілерге қойылатын моральдық-адамгершілік талаптар мен олардың мінезқұлқының негізгі қағидаттары бірге қаралып келген еді. Ал жаңа редакцияда бұл олқылықтар жойылып, мемлекеттік қызметшіге қойылатын әдеп талаптары мемлекеттік қызметшінің қызметтік әдебіне қатысы жоқ ережелерден бөлек, өз алдына жеке қарастырылып отыр.

Жаңа Әдеп кодексі – ең алдымен қызметтік әдеп стандарттарын белгілеуге бағытталған және мемлекеттік қызметшілердің бойында моральдық-адамгершілік қасиеттерді орнықтырудың негізі.

Екіншіден, жаңа редакцияда Кодекстің құрылымы өзгертіліп, «Мемлекеттік қызметтің әдептік қағидаттары» деп аталатын тарау енгізіліп отыр. Осыған сәйкес, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі алты қағидатқа негізделген. Олар – ашықтық, әділдік, адалдық, сыпайылық, адал ниеттілік және клиентке бағдарлану. Сәйкесінше, мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметтің негізгі тұтынушысы саналатын халықтың талабына барынша икемді, жұртшылықпен жұмыс істеуге дайын болуы және өз жұмысының ашықтығын қамтамасыз етуі тиіс.

Осы қасиеттер Жаңа Қазақстанның мемлекеттік қызметшілерінің болмысынан көрініп тұруы керек. Бұл ұстанымдар мемлекеттік аппараттың жұмысына жаңа мазмұн береді деп күтілуде.

Үшіншіден, Әдеп кодексінің жаңа редакциясына сай агенттік пен оның аумақтық органдары, қызметтік әдепті бұзудың профилактикасын үйлестіруші органдар ретінде айқындалып отыр. Осыған байланысты алдағы уақытта Әдеп жөніндегі уәкілдердің, комиссиялар мен кеңестердің әдеп бұзушылықтарды ескерту және алдын алу бойынша жұмыстары жандандырылады. Негізгі өзгерістер – осы.

– Кейінгі кездері қоғамдық өкілдер, сарапшылар тарапынан кадр мәселесі жиі қозғалып жүр. Агенттік осы мәселеге қатысты қандай жұмыстар атқаруда?

– Сұрағыңыз – қазіргі өзекті мәселелердің бірі. Мемлекет басшысы 2019 жылы «Президенттік жастар кадр резервін» қалыптастыру туралы бастама көтерген еді. Содан бері агенттік осы бағытта жұмыстар атқарып келеді.

Мемлекетті анықтайтын – адам мен қоғам. Жаңа Қазақстанның кадрлық әлеуеті мықты болса, рухы биік, тәуелсіздігі берік ел болып дамитыны күмәнсіз.

Президент атап өткендей, «Жастар кадр резерві – мемлекеттің резерві». Резервті қалыптастырудағы басты мақсат – көкірегі ояу, көзі ашық жастарды мемлекеттік басқаруға тарту, мемлекеттік аппарат жұмысына жаңа серпін беру.

Президенттік жастар кадр резерві бүгінгі таңда өз тиімділігін көрсетіп отыр. Осы жұмыс қолға алынғаннан бері кадрлық резервке екі рет іріктеу өтті. 2019 жылы өткізілген іріктеу мемлекеттік, сондай-ақ квазимемлекеттік секторға бағытталған болса, 2021 жылы өткізілген іріктеу тек мемлекеттік қызметке бағытталып, нәтижесінде резервке 50 адам алынып отыр. Осы жолғы іріктеуде үміткерлерге мемлекеттік тілді міндетті түрде меңгеру талабы енгізілді.

Біз Президенттік жастар кадр резервіне білімді, алғыр, бастамашыл, инновациялық ойлай алатын жастарды іріктеуді тұрақты жолға қою арқылы мемлекеттік қызметшілердің жаңа буынын қалыптастыруды бастадық.

«Ақыл – жастан, асыл – тастан» деп бекер айтпаса керек халқымыз. Білімді, еңбекқор, отанға қызмет етуді парыз санайтын жастар – еліміздің тұрақты дамуы мен өркендеуінің басты қозғаушы күші.

Қазіргі таңда барлығы 350 резерв өкілінен 222 адам түрлі салада қызмет атқаруда. Олардың қатарында бірінші іріктеуден – 203, екінші іріктеуден өткен 19 резерв өкілі бар.

Президенттік жастар кадрлық резервіне үміткерлердің басты мақсаты жеке мансаптық амбицияларға емес, ең алдымен қоғамдық мүдделерге негізделуі керек. Кадрлық резервке енудің мәні – үлкен бастық болу емес, ел игілігі үшін қызмет атқару. Осындай ұстанымнан ғана біз халыққа сапалы мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік басқару менеджерлерін қалыптастыра аламыз.

Биік мақсатқа ұмтылған, еңбекқор, креативті жас буын – қашанда елдің арқасүйер тірегі. Ең бастысы, біз жастарымыздың бойындағы тасқындаған күш-жігер мен білімді ел мүддесіне қызмет етуге бағыттасақ деген ниеттеміз.

Жалпы, кадрлық әлеуетті арттыру бағытында сапалы тұрғыдан өзгеріс қажет. Жаңа Қазақстанның мемлекеттік кадрларының бойында елдік мүддені ойлайтын, принцип--шілдік ұстанымдар болуы керек. Сол арқылы ғана біз мемлекеттік басқару аппаратын қалыптастыруда сапалы өзгерістерге қол жеткіземіз. Сапалы кадрды бізге ешкім әкеліп бермейді, олар – қоғамның ішінде. Біздің міндет – соларды тауып, мемлекеттік аппаратқа тартып, іріктеп алу арқылы кәсіби мемлекеттік қызметкерлердің жаңа легін қалыптастыру.

– Алдағы уақытта Президенттік жастар кадрлық резерв өкілдерімен жұмысты әрі қарай ілгерілету бойынша агенттік қандай іс-шараларды жоспарлап отыр?

– Президенттік Жастар кадр резервін ілгерілету мақсатында Мемлекеттік қызмет істері агенттігі өз тарапынан бірқатар іс-шараны жүзеге асыруда. Мәселен, жақында резервті одан әрі жетілдіру бойынша атқарылатын іс-шаралардың жоспары бекітілді. Әлеуетті жұмыс берушілердің резервшілермен өзара іс-қимыл рәсімдерін регламенттеу мақсатында агенттік тарапынан резервшілерді жұмысқа орналастыру, олардың мансаптық өсуін қадағалау және бағалау мәселелерін қамтитын резервшілердің рекрутинг алгоритмі әзірленді. Сонымен қатар агенттік «ПЖКР офисімен» бірлесіп, резерв аясында жұмысқа орналасу үшін резершілердің мансаптық ниеттілектерінің карталары жасалып, олар резервшілерді тарту бойынша тиісті жұмыстарды жүргізу мақсатында мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік ұйымдарға жіберілді.

Ұсынылған механизм бойынша мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бос лауазымдарына орналасу агенттік жіберген резервшілердің мансаптық тілектеріне негізделеді. Мансап картасын агенттік үнемі жаңартып отырады.

Қазір агенттік тарапынан мемлекеттік органдармен және квазимемлекеттік сектор ұйымдарымен кездесулердің тиісті кестесі әзірленді. Яғни осы сәуір айынан бастап әр апта сайын, мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік компаниялардың басшыларымен өтетін кездесулер кестесі жасақталды. Бұл кездесулердің басты мақсаты – Мемлекет басшысының тапсырмаларын ұтымды жүзеге асыру жолында жаңа идеялар мен көзқарастарды топтастыратын алаң құру.

Агенттікке қарасты Мемлекеттік басқару академиясының Коворкинг орталығында Президенттік жастар кадр резервінің офисі ашылды. Онда Президенттік жастар кадр резерві өкілдерінің кездесіп, ой бөлісіп, жаңа жобаларды талқылауына, көзқарастарын ортаға салуына мүмкіндіктер жасалған.

– Осы орайда тағы бір сұрақ туады. Мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында мемлекеттік аппарат штатын оңтайландырғаннан кейін келісімшарттық қызметшілер институтын енгізу міндеті қойылған. Осы келісім-шарттық қызметшілер институты жайлы айта кетсеңіз.

– Өзіңіз айтып отырған тұжырымдамаға сәйкес, ұлттық, салалық және өзге де жобаларды іске асыру кезеңіне арнайы білімі бар кәсіби мамандарды тартуға мүмкіндік беретін келісімшарттық қызметшілер институтын енгізу жоспарланып отыр.

Мемлекеттік органдардағы келісімшарттық қызметшілер мемлекеттік қызметшілер болып саналмайды. Алайда келісімшартқа сәйкес оларға нақты міндеттерді шешуде белгілі бір құзыреттер беріледі. Келісімшарттық қызметшілердің қызметі мен міндеттері бір жылдық мерзімге жасалатын еңбек шартында айқындалады.

Келісімшарттық қызметшілер еліміздің заңнамасында бұрын жоқ жаңа лауазымдық санат болғандықтан, оны заңнамалық тұрғыдан енгізу бойынша тиісті іс-қимыл жоспары әзірленді. Бұл бағыттағы жұмысты 2023 жылы аяқтауды жоспарлап отырмыз.

Келісімшарттық қызметшілерді тарту бірқатар міндетті шешуге ықпал етеді деп күтіледі. Атап айтсақ, мемлекеттік бастамалар мен салалық жобаларды табысты іске асыруды; нақты салада, экономика сегментінде, әлеуметтік салада бірегей, табысты, өзіндік тәжірибені тарату және енгізуді; жаңа технологиялар трансфертін қамтамасыз етуді; инновациялық ойлауды дамытуды; мемлекеттік бастамалар мен салалық жобаларды іске асыру кезінде практикалық өзара іс-қимыл арқылы мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруды; мемлекеттік аппаратты басқарудың икемді моделін дамытуды реттей алады.

Келісімшарттық қызметшілерді тарту жобасын жүзеге асыру қойылған мақсаттарға қол жеткізу барысында жаңа жағдайларға жеңіл бейімделуге және мемлекеттік қызмет саласында икемді кадр саясатын жүргізуге мүмкіндік береді деп отырмыз.

– Мазмұнды әңгімеңізге рахмет.

«Egemen Qazaqstan»

MAMAN MINBERI

ӨЗ ДЕНСАУЛЫҒЫҢ ӨЗ ҚОЛЫНДА

Қазіргі таңда білім беру мекемелерінің маңызды міндеттерінің бірі – өскелең ұрпақтың салауатты өмір сүруге көзқарасын қалыптастыру. Қоршаған ортаны таза ұстайтын денсаулығына жауапкершілікпен қарайтын жастарды тәрбиелеуіміз керек. Күнделікті әдет пен денсаулық арасындағы өзара байланыс салауатты өмір салты ұғымын қалыптастырады. Тиімді өмір салтын дәріптеуде денсаулықты күту мәдениетін қалыптастыру бағытындағы басымдылықтарды айқындайтын ғылым, тәрбиелеу формаларымен жаңа әдістерді ұстанатын ілім қажет. Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы алған білімі болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға берік тірек болады. Мектеп қабырғасынан бастап салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру, жеке тұлғаның өзін қоршаған табиғи ортамен жан-жақты үйлесімділікте болуына, өмірін барынша пайдалы өткізу дағдысын қалыптастыруға әкеледі. Сонымен қатар салауатты өмір салты – денсаулықтың үйлесімді дамып, сақталуы мен орнығуын қамтамасыз ету мақсатында денсаулықты нығайтуға бағытталған іс-шараларды жүргізу.

Салауатты өмір салтына деген саналы көзқарас қалыптастыру темекі шегу, спирттік ішімдікке салыну, есірткі қолдану секілді зиянды әрекетердің алдын алатын құндылық. Спирттік ішімдіктердің, есірткі мен темекінің адам өміріне зиянды екені белгілі. Өтпелі кезеңде, өмірден өзіне не керек екенін білмейтін, саналары әлсіз жасөспірімдер үшін тым қауіпті. Осы жаста зиянды әдеттерге бой алдырып, оған тез бейімделеді. Еліміздің болашағы – жас ұрпақ екенін ескерсек, сол жас ұрпақтың денсаулығы мықты, интеллектуалды, дүниетанымы терең, білімі сапалы, адамгершілігі мол, бойын зиянды әдеттерден аулақ ұстайтын, саналы ұрпақтарды тәрбиелеу қажет. «Дені саудың – жаны сау» дейді халық даналығы. Ұлтымыздың кемелді келешегі біз үшін аса маңызды. Қоғам мүшелерінің сайдың тасындай бірігіп зиянкес қоғамның ауыр дертімен күресуі шарт.

Тәуелсіз мемлекетіміздің тірегі болатын жастардың бойына салауатты өмір салтын сіңіру керек. Дені сау ұрпақ қана салауатты қоғамды қалыптастыра алады. Аурудың не екенін білмейтін жастар ғана биік шыңдарға қол жеткізіп, халқына адал қызмет етері даусыз. Жастар арасында салауатты өмір салтының қалыптасуының маңызы өте зор. Сол себептен ең алдымен салауатты өмір салтын қалыптастыруды жастардан, мектеп оқушыларынан бастау керек. Бұл бағытта білім беру ұйымдары аянып та жатқан жоқ. Спорттық шаралар мен танымдық-рухани шаралар жиі ұйымдастырылады. Мәселен, М.Мәметова атындағы орта мектепте түрлі спорттық шаралармен қатар, салауатты өмір салтын қалыптастырар үйірмелер де бар. Ауылдың жасөспірімдері сол үйірмелер арқылы деннің саулығын қалыптастырып жатыр.

А.Байтұрсынұлы «Тәні саудың – жаны сау» екенін айта отырып, «Ең әуелі бәрінен бұрын тазалықтың қадірін біл. Тән саулығының тамыры – тазалықта, жан саулығының тамыры – саулықта» –, деп денсаулықты сақтаудың маңызды жолын меңзейді. Себебі, денсаулықтың кепілі – тән мен ардың тазылығы. Ол саулықтың іргетасын қалайды. Мәселен, М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» оқулығында «Сау жан сау денеде ғана болады» деген адамзат дүниесінің ескі мәтелін дұрыстай отырып, баланың денсаулығы мәселесін «Дене тәрбиесі» бөлімінде егжей-тегжейлі қарастырады.«Дені сау адам — табиғаттың ең қымбат жемісі» деп тегін айтылмаған. Жас кезінен аурушаң болған Поль Брегг «Өзіңді өзің жасай біл» деген қағиданы нық ұстанған. Ол ынта-жігерінің салауатты өмір сүруге деген құштарлығының арқасында барлық ауруларды жеңіп, денсаулығы мықты болып өмір сүрген. Иә, әр адамның денсаулығы өз қолында. Салауатты өмір сүремін десеңіз, ешкім оған қарсы тұра алмайды, замандас.

Бақыт МАЛИБЕКОВ,
М.Маметова атындағы орта мектептің
дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

ÖRKEN

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ

Қазақта 150-ге тарта ұлттық ойындар барын білесіз бе?! Әрине, ол ойындардың бүгінде біразы ел есінен шығып, ұмытылып кетті. Ата-бабамыз баланың зеректігін арттырып, зейінін ашатын, шынықтыратын, түрлі ұлттық ойындарды ұрпақ санасына ерте бастан сіңірді. Қазақтың қайсыбір ойынын алып қарасаңыз да, тапқырлық пен табандылықты, біліктілікті талап етеді. Ал, сол даналардан жеткен бүгінгі қазақтың әр баласы ұлттық ойын туралы ойлана ма? Жастар ұлттық ойынды ұмытып бара жатқан жоқ па? Ұлттық ойынның ұлттық тәрбиеге әсері қандай?

Мектеп болмаса, ұлттық сана, ұлттық ойлау, ұлттық ғылым-білім болмайды. Сондықтан келешегімізде өркендететін, тәуелсіздігімізді баянды ететін, елдігімізді әлемге танытатын ұрпақ даярлап шығару, біздің ата-баба рухы алдындағы, болашағымыз алдындағы қасиетті борышымыз.

Ұлттық ойындар мен спорттың ғылыми - педагогикалық негізінің қалыптасып, ғылыми айналысқа енуі Қазақстан тәуелсіздік алуы уақытынан бастау алады деп тұжырым жасауға негіз бар.

Ұлттық ойындар оқушылардың жылдамдығын, ептілігін, күштілігін т.б. дамытумен қатар, тіл байлығын кеңейтіп, көз қиықтарынан бір-бірін түсінісу сияқты байқампаздықтарын жетілдіретіндігін байқатады.

Қай пән болмасын, оны игерудің сапалылығы мұғалімнің өз пәнін терең игеруіне, оған деген сүйіспеншілігіне, оқыту мен тәрбиелеудің барлық кезеңінде мұғалімнің тиімді іс-әрекет жасай отырып, оқушыларды соңынан ерте білуіне байланысты екені белгілі. Сол сияқты, балаларға дене тәрбиесін берудің нәтижелілігі де мұғалімнің өз пәніне қаншалықты қызығатындығына, дене тәрбиесі туралы білімі мен шеберлігіне байланысты.

Қазіргі кезде бала тәрбиесі процесінде, оның денесін шынықтыру мен қоса, рухани байлығын, елін сүюін, ана тілін қадірлей білетін азамат тәрбиелеудің басты назарда болуы бүгінгі мектептің алдына қойылған аса маңызды талап болуы орынды.Соның ішінде қазақ халқының ұлттық ойынының бірі тоғызқұмалақтың мыңдаған жылдық тарихы бар, қазіргі уақытта әлемге әйгілі зияткерлік ойындардың ішінде ерекше маңызға ие ата-бабамыздан қалған асыл мұраларымыздың бірі. Республикамыздың әр түкпірінен табылған, тасқа қашалып қалдырылған тоғызқұмалақ тақтасының бейнелері де ойынның өте ертеде пайда болғанынан хабар береді.

Қазіргі таңда республика бойынша қазақтың төл ойыны – тоғызқұмалақпен шұғылданушылар саны 200 мың адамға жақындады. Тоғызқұмалақпен тек шетелдегі қазақтар ғана емес, сонымен бірге Ұлыбритания, Швейцария, Франция, Германия, Испания, Түркия, Чехия, Ресей, Украина, Қытай, Моңғолия, Қырғызстан, Колумбия, Антигуа және Барбуда мемлекеттерінде де жергілікті халықтардың арасында ойнаушылардың саны артуда.

Тоғызқұмалақ ойынының қағидасы, заңдылықтары. Ережеде тақтада ойналатын зияткерлік ойынға қатысты, әрі ойын барысында кездесетін барлық жағдайды ескере бермейді және ұйымдастыру мәселелерінің барлығын қамти алмайды. Ереженің бабымен толық реттелмейтін жағдайлардың шешімі, ережеде қаралатын ұқсас жағдайлардың негізінде жарыстың Бас төрешілер алқасының жиналысында қабылданады. Ереже төрешілердің қажетті құзыретке ие, ой-білімі жеткілікті және үнемі нақты болатына сүйенеді. Бүгінде М.Мәметова атындағы орта мектепте тоғызқұмалақтан арнайы үйірме бар. Бұл үйірме қазіргі уақытта тиімділігін көрсетті.

Тоғызқұмалақ ойынының мәні – адамға үйлесімді (гармониялық) тәрбие беру, кез келген жанның ақыл-ойын шыңдау, ми қызметін дамыту және қоғам алдындағы жауапкершілікті арттыру. Тоғызқұмалақ - бабаларымыздың ұрпағына қалдырған баға жетпес сыйы, рухани құндылығы, аманаты. Бұл ойын ең жетілген спорт түрлерінің бірі ретінде адамзатты жаңа шыңдарға жетелейтін ойы кең, рухы биік, саналы тұлғаларды тәрбиелеудің қуатты құралы бола алады. Бұл ойынның ерекше бір қасиеті терминдерінде: терминге қарап бұл нақтылы мал шаруашылығының тудырған ойыны екен дейсің. Шынында «құмалақ» деген сөздің өзін алыңыз. Құмалақ-қойға, түйеге, ешкіге, қоянға т.б тиісті зат. Ал тоғызқұмалақ ойынындағы тоғыз отаудың аттарын алып қараңыз. Атап айтқанда, 1-отауды арт деп, 2-тектұрмас, 3-атөтпес, 4-атсұратар, 5-бел, 6-белбасар, 7-қандықақпан, 8-көкмойын, 9-мандай деп аталады. Ал, «көкмойынды» алсақ, оның өзі бернелі сөз. Нақтылы «көк мойын» деп қазақ, көпке дейін ұстатпай ыза қылған, артынан ұсталғаннан кейін айлар бойы мойынан бұғалығы түспей, мойны көгерген жылқыны айтады. Бұғалығы мойындағы жылқыны оп-оңай ұстап алуға болады; міне осыған қарап, ойында № 9 отауға «мандайға» «тұздық» салуға рұхсат жоқ болғандықтан ойыншы айналып тұздықты осы көкмойыннан алады. Тағы сол сияқты көптеген терминдер: «атөтпес», «атсұратар», «атсырау» т.б. осы ойынды қой бағып, мал айдаған дана ата-бабаларымыздан ойлап тапқанын дәлелдейді.

Ризабек ДӘУЛЕТКЕЛДІ,
М.Маметова атындағы
орта мектептің
дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

EKOLOGIA

СДЕЛАЕМ ЗЕМЛЮ ЧИЩЕ И КРАШЕ!

За последние десятилетия высокие темпы развития производства и стремление человека к комфорту привели к огромным экологических проблемам в локальных и глобальных масштабах. Получаемые от природы блага люди возвращают ей обратно в отработанном виде, что оборачивается загрязнением планеты. И процесс этот нарастает с каждым годом. Поэтому одним из приоритетных направлений воспитательной работы в школе является экологическое воспитание, которое предусматривает выполнение главной задачи: формирование у подрастающего поколения экологической культуры, основанной на современных знаниях и умении жить в согласии с природой, созидая и улучшая её.

Уже второй год в средней школе имени Нурмолды Алдабергенова Ескельдинского района действует экологический отряд «Экопатруль», членами которого являются учащиеся 7-8 классов. У отряда очень важная миссия: привлечь внимание людей к экологическим проблемам нашего поселка и района. Убедить, что от каждого из нас зависит состояние окружающей среды и «Начни с себя!» – призыв, который основывается на Теории малых дел. Она гласит, что если каждый человек сделает маленький вклад в общее дело, то сумма вкладов превратится в нечто огромное и важное. И всё можно изменить.

«Экопатруль» работает по нескольким направлениям:

-распространять информацию о правилах общения с природой;

-проводить экологические акции;

-исследовать природу родного края;

-активная природоохранная работа каждого члена экологического отряда.

Приоритетной является просветительская и агитационная работа, проводимая не только внутри школы, но и среди жителей поселка и района. Так в прошлом году участники экоотряда написали статью в районную газету «С малого начинается большое», в которой обратились к жителям нашего региона с призывом беречь окружающую среду родного края. При участии ребят был снят видеоролик с обращением к людям: «Жить экологично и нести ответственность за экологию родного края и планеты!». Также был выпущен агитационный постер в виде инфографики «Живи экологично каждый день!». Статью, постер и видеоролик мы поместили в различные медиаресурсы и получили много лайков и комментариев с поддержкой нашего обращения. Это еще раз подтверждает, что тема экологии находит отклик в сердце каждого неравнодушного человека!

Участники экоотряда организуют и сами принимают участие в разного рода экологических акциях: «Мой экодом», «Пернатые друзья», «Птичья столовая», «Зеленая красавица», «Школьный двор», «Озеленение школьных кабинетов», «Чистые родники», «Посади дерево» и других. Выпускают и раздают эколистовки.

В прошлом учебном году отряд «Экопатруль» стал победителем в областном туре экологической игры «За природу в ответе и взрослые, и дети». А совсем недавно занял Гран-при в областном конкурсе юных экологов «Жетысу – сердце экологического туризма».

Организация работы школьных экологических отрядов имеет большое значение в воспитании подрастающего поколения. Подобного рода работа не проходит бесследно. Она формирует экологическую культуру детей, закладывает основы нравственного взаимодействия с природой, прививает любовь к родному краю. Это помогает детям понять главное: человек – это часть природы, а не ее властелин.

С.Г. ШУМАКОВА,
О.В.ЖУКОВА,
Руководители отряда «Экопатруль»
учителя СШ им. Н. Алдабергенова

МЕРЕЙ ҮСТЕМ БОЛДЫ

Жуырда аудандық Мұқағали оқуларының бас жүлде иегері Аяжан Сүлей Алматы облыстық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен өткен облыстық Мұқағали оқуларына қатысып, жүлделі III орынға ие болды. Рүстембеков атындағы орта мектептің оқушысы мұзбалақ ақынның шығармаларын нақышында орындап, қара өлең сардарының мұрасын қайта жандандырды. Аяжан Сүлейдің бұл додаға бабында баруына жетекшісі Орынгүл Әділқызы барын салған еді. Жеңімпаз оқушымызды осы мерейімен құттықтаймыз!

Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі

JARAISYŇDAR

АУДАННЫҢ ҮЗДІК ПЕДАГОГТАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Жуырда аудандық білім бөлімі және аудандық білім саласындағы қызметкерлері кәсіподағының ұйымдастыруымен Рүстембеков атындағы орта мектебінде жыл сайынғы аудандық «Жылдың үздік мұғалімі – 2022» байқауы өтті. Мұндағы мақсат – педагог мәртебесін қалыптастыру, ұстаздар қауымы арасында ізденісті арттыру, еңбегімен еленіп жүрген сала мамандарды анықтау. Атаулы байқау үш кезең бойынша өтті. Бірінші кезең бойынша қатысушылар портфолиосын электрондық форматта ұсынды. Бұл кезеңнің нәтижесі алдын ала қаралған соң, бірден экран арқылы көрсетілді. Екінші кезең бойынша мұғалімдер жұмыс жүйесінің моделін, яғни жұмыс істеу барысында атқарылатын қарекеттерін таныстырды. Үшінші кезеңде байқауға қатысушылар импровизациялық тапсырмалар орындады. Кезеңдер аяқталған соң қазылар алқасы шешім қабылдау үшін үзіліс жасады. Осы ретте аудан өнерпаздары байқауға қатысушылар мен көрермендерге көтеріңкі көңіл сыйлайтын концерттік шара ұйымдастырды.

Сонымен, байқаудың үш кезеңі бойынша негізгі мектептер арасында Мелькомбинат негізгі орта мектебінің мұғалімі Акмарал Сакбаева көш бастап, бас жүлдені қанжығасына байлады. Тиісінше екінші орынға Кошевой атындағы негізгі орта мектебінің мұғалімі Айжан Рахимова жайғасты. Еңбегімен еленіп, тапсырмаларды жүйелі орындаған мұғалімдер арнайы номинацияларға ие болды. Мәселен, Қабліса жырау атындағы орта мектебінің мұғалімі Маржан Алпарова «Үздік портфолио», Б.Жолбарысұлы атындағы орта мектебінің мұғалімі Жайнагүл Хафизова «Креативті педагог», Қаратал орта мектебінің мұғалімі Манаргүл Хуатхан «Үздік инновациялық тәжірибе», Жақыпбаев атындағы орта мектебінің ұстазы Бақтөре Сарқытбай «Шығармашыл педагог», Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп-гимназиясының мұғалімі Данель Уальбай «Ізденімпаз ұстаз» номинацияларын иемденді. Байқаудың шартына сәйкес орта білім беру мектептерінің мұғалімдері өзара бақ сынасқан еді. Нәтижесінде Алдабергенов атындағы орта мектептің мұғалімі Елена Степаненко бірінші орынды меншіктесе, тиісінше екінші орынды Шестаков атындағы орта мектептің мұғалімі Айман Карипбаева, үшінші орынды Жетісу орта мектебінің мұғалімі Гүлім Кожахметова қанжығасына байлады.

Бас жүлдеге ие болған жеңімпазымызға аудандық білім саласындағы қызметкерлері кәсіподағы тарапынан «Жаркент-арасан» шипажайына 5 күнге жолдама, номинация және 2-3 орын иегерлеріне ақшалай сертификаттар берілді.

Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі

ÖREN

ЖЕРЛЕСТЕР ЖАРАДЫ

Үстіміздегі жылдың наурыз айының соңы мен сәуір айының басында облыс орталығында «SportFest Kazakhstan» атаулы спартакиадасы өтті. Айтулы додаға аудан оқушылары қатысып, мыңнан тұлпар, жүзден жүйрек жасөспірімдеріміз топ жарды. Мәселен, ми ойыны саналатын шахматтан Сейфуллин атындағы орта мектеп оқушысы А.Садуақас бірінші орынды қанжығасына байласа, Қарабұлақ орта мектебінің оқушысы А.Қанатқызы тұғыр кестесіндегі екінші орынға жайғасты. Аудан оқушылары үстел теннисінен де ешкімге есе жібермеді. Жүлделі екінші орынды Ш.Уалиханов атындағы орта мектептің оқушысы Қ.Әнуар мен Байысов орта мектебінің оқушысы С.Дәулетұлы өзара бөліске салды. Баскетболдан аудан оқушыларынан құралған қыздар құрамасы бірінші орынды қанжығасына байлады. Жеңімпаздар қатарында Алдабергенов атындағы орта мектеп сапынан Е.Романенко, С.Мезенцева, Д.Салькова, А.Абулатифова, Титов атындағы орта мектептен В.Лукина, Шестаков атындағы орта мектептен А.Икижанова, Ж.Асхатқызы, Я.Васюниналар бар. Мерейлі жеңіс құтты болсын!

Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі

ORAI

ТАЛАПТЫҢ МІНІП ТҰЛПАРЫН...

Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты халқымыз үшін стратегиялық мәні зор бағдарламалық еңбегінде бірқатар маңызды міндеттерге, Қазақ елінің болашағын кемелдендіруге қатысты өзекті мәселелерге баса назар аударылғаны мәлім. Мұнда ол басты мақсатымыз – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу үшін санамыз ісімізден озып жүруі, яғни ой-сана күнделікті өмір талабына сай рухани тұрғыда жаңғырып отыруы қажет екенін, бұл еліміздегі саяси және экономикалық жаңаруларды толықтырып қана қоймай, солардың өзегіне айналуы керегін ерекше ескертті.

Міне, жер-жерде өшкенін қайта жағып, өткенін қайта тірілту шаралары жүзеге асып жатқанына біршама уақыт болды. Осындай бастаманың негізінде Яссауитану байқауы да ұйымдастырылып келеді. Мұндағы мақсат - қазақ халқының рухани тұтастығын қалыптастырған Қожа Ахмет Яссауидің хикметтерін насихаттау, өнегесімен шәкірттерді адамгершілікке, ізгілікке баулу. Алматы облыстық білім басқармасының мұрындық болуымен өткен биылғы байқауда Ж.Жақыпбаев атындағы орта мектептің оқушысы Ажар Хуандағқызы топ жарып, жүлделі екінші орынды қанжығасына байлады. Осы А.Хуандағқызы Серікгүл Сапардың жетекшілігімен бірнеше аудандық байқаулардың жеңімпазы болған еді. Енді оның жеңіс қоржынын облыстық байқаудың жүлдесі толықтырды. Бүгінде Ж.Жақыпбаев атындағы орта мектептің оқушысы аса қызу дайындық үстінде. Мұндағы мақсат - қазан айында түркілердің бесігі саналатын Түркістан қаласында өтетін республикалық байқауда топ жару. Жеңісті күндер көп болсын!

Ескеді ауданы бойынша білім бөлімі

◆ ŞÖÑGE

ДІН МЕН ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ

Дәстүрі, діні, ділі мен тілі, территориясы мен сана-сезімдік сапасы сынды факторлар ұлттың ұйтқысы десек, осы дәстүріміз, діліміз, тіліміздің дінімізбен сабақтастығы халқымыздың қазақы қағидасына қаншалықты енгенін елестетіп көрейікші. Алтын діңгегіміздің бірі әрі бірігейінен саналатын дәстүріміздің де діңі берік. Дәстүрдің тозығы тозаңданып, озығы ортамыздан орын алған. Сондықтан, салт-дәстүр саласында керегемізді кеңейтуге кежегесі кері тартар келеңсіздіктер жоқ деп санауға болады. Алайда, әңгіменің «әдемісін» дінімізбен діліміздің тұтатқысы келетіндердің көлбеңдеген көлеңкесі кей-кейде көрініс беретіні де көмескі емес. Осындай іргемізді ірітер кейбір келеңсіздіктердің қылаң беріп қалуын, қылаң беріп дейміз-ау, қауіпке қалдыратынын қаперге ұстамасақ ұтылатынымыз анық.

«Дін асылын діннен ізде», - деп Шәкәрім атамыз айтқан аталы сөзбен Ислам қағидалары қағыс қалып, дін асылын адамнан іздейтін ағымдардың апанына аңдамай кіріп, солардың сойылын соғып жүрген бауырларымыз басымызды ауыртып, балтырымызды сыздатады. Кейбір сыртқы күштердің **«бөліп ал да, билей бер»** саясатының салқыны дінімізге дендей кіріп, белгілі бір деңгейде білімі бар адамдардың шашбауын көтеріп, сол адамдар арқылы өзара арбасқан ағымдарды жасап жатқаны жасырын емес.

«Біз әлімсақтан мұсылманбыз» дейтін еді баба жұрт. Ол жолдан біз де аттағанымыз жоқ Сол мұсылмандық дініміз дәстүрімізге қабысып, салтымызға сіңгені салт-дәстүрден хабары бар көкірегі ояуға көмескі емес. Алайда, кейбір **«ғұламалардың»**, ғұмырлық тағлымға толы Ислами игіліктердің халқымыздың қазақы қағидаларына қабысқан құндылықтарына қатысты қырын қарап, қыңыр сөйлеп, қисық басуы өкінішті. Ағымдардың жетегіне жегіліп, ізіне ілескен ғайыптан пайда болған осындай **«ғұламалар»** ғасырлар аттап жеткен ғұрпымызға ғаріп күй кештірмек. **«Құдайсыз құрай да сын-байды»** деген қағиданы қазақ қылған дана қазақтың: **«Құдайға сенген құстай ұшар, адамға сенген мұрттай ұшар»**, **«Құдайға сенгеннің екі бүйірі шығады, адамға сенгеннің екі мүйізі шығады»** деген терең танымдық тұжырымы мен сенімін аяқ асты етіп, **«қазақтар мушіріктер»** (Аллаға серік қосушылар, яғни, кәпірлер) деп, халқымызды шариғат шеңберінен шығып кеткен, айдалада адасқан адамдар санатына санайтындарға таң қаласың. Егер, қазақ дінсіз болса, мұндай сөздерді тіліне тұтып, санасына сіңірмес еді. Егер, қазақ мұсылман болмаса, өлген адамды **«қайтыс болды»** демес еді. Қайтыс болу — қайту деген ұғымнан шыққан. Тәниден бақиға қайту, яғни, уақытша өмірден мәңгілік мекенге қайту дегенді білдіреді. Мінеки, қазақ екелден мына өмірдің уақытша сынақ өмір екеніне, мәңгілік өмірдің о дүниеде болатынына сенді. Қазақ өлген адамды қайтыс болды деп ғана қойған жоқ. Сол қайтыс болған адамды шариғат заңына сай шығарып салды. Жуындыру, кебіндеу, жаназа шығару және жерлеу сынды жол-жоралардың барлығы Ислам шариғатына сай жасалып, салтымызға айналды. Міне, бұл да Ислами қағидалардың салт-дәстүрімізге сіңген тұстарының бір көрнісі. Қазақ қайғыда болсын, қуанышта болсын, тәлім-тәрбие мен тілде болсын Исламнан игілік тапқан, иманның шамын жаққан халық. Қазақ жаңа туған балаға Исламның ізімен азан шақырып ат қойды. Аллаберген, Тәңірберген, Құдайберген, Әбдірахман, Әбдолла, Ахметхан, Ахметжан.т.б. деп қойды. Қазақ сәбиі дүниеге келген қуанышты құттықтап **«шілдехана»** тойын жасады. Бұл да Исламда **«ақиқа»** аталатын сүннетке сай амалдың бірі еді. Қазақ жаңа түскен келінін сүннетке сай, босағадан оң аяқпен аттатып кіргізеді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) бір хадисінде: **«Үйге кіргенде оң аяқпен аттап, шыққанда сол аяқпен шығындар»,** - деген. Қазақ той жасамай келін түсірмейді. Ең кемінде шағын дастарқан жайып, жақын туыстары мен көрші-қоңаңдарын шақырады. Ал, Ислам діні бір қой болсада сойып, той жасауға үндейді. Яғни, некелесу дегеннің өзі жария ету деген мағынаны береді. Сол үшін соңғы малы болсада сойып, той жасаудың түп мәні — үйленгенін жариялау деген сөз. Демек, Исламдағы қуанышқа қатысты қағида қазақ арасында да қағыс қалмапты. Келін түскен керегеде қан шығарып, қазан қайнатпаған қазақты көрмеппіз.

Міне, байқап отырғанымыздай дін мен дәстүр сабақтастығы осылай біте қайнасып кеткен. Дінімізбен дәстүр-салтымыздың сабақтастығын санап таусу мүмкін емес. Ал, Ислам діні ешқашан салтымызға симастық жасап, құндылықтарымызды құрдымға кетірмеген. Керісінше, кемелдендіріп, қасиетке толы дінімізбен өсиетке толы дәстүріміз қабыса қатар қанат жайған-ды. Сонау Үйсін, Қаңлы, Қыпшақ пен Сақтардан бері сан жылдар жылысып, Ғұндардан ғұмырлық ғұрыптар ғасырдан-ғасырға жалғасып жеткен жүлгесі ұзын, жілігі майлы салт-санамыз бен дәстүріміз Қараханилер дәуірінде дендей кірген хақ дін Исламмен біте қайнасып, көшпенділер көшінің керуенін бастаған халқымыздың көсегесін көгертіп, өркениет өлкесінде өшпестей өскелең тағылымға толы құндылықтар қалыптастырды. Аңдай білген адамға, Алтай мен Атыраудың арасы аспан астындағы ашық мұражай іспетті. Бабалардан бүгінге жеткен бай мұраны жер-жүзіндегі жауһарлардың бірі деп білген жөнді болмақ. Діннің атын жамылған, жарылыс жасауға жаны құмар жат ағымдардың жетегіне ерген жандарға осындай керемет байланысты, дәлірек айтқанда, дін мен дәстүр-салттың сабақтастығын санасына сіңдіру жолында жұмыс істеуіміз керек. Түркілік тек, қазақы қан, ислами иман - біздің туымыз. Туды ешкім екіге бөлмес болар.

Б.ТОҚАЙ,
«Алматы облысы
дін істері басқармасы» ММ
дінтанушы маманы

◆ IMAM MINBERI

АУЫЗАШАРДЫҢ САУАБЫ

Жаратушы иеміз қасиетті Құранның «Бақара» сүресінің 185 аятында: «Рамазан айы – адамзатты тура жолға бастаушы, айқын дәлелдерді һәм ақиқат пен жалғанның ара-жігін ажырататын өлшемдерді қамтыған қасиетті Құран түсе бастаған ерекше ай. Араларыңнан кімде-кім Рамазан айынан аман-есен жетсе, оны ораза ұстап өткізсін» – деп бұл Құран айы екенін анық көрсеткен.

Әрбір сүресінде адамзатты ізгілікке, жақсылыққа шақыратын қасиетті Құранның көптеген аятында Раббымыз өзара жәрдемдесуді, қолда барды бөлісуді, байлардың мал-дүниесінен жоқ-жітікке, кедей-кепшікке беруін бұйыратыны белгілі. Олай болса осындай қасиетті айда әр пенденің бойынан жомарттықтың белгісі көрініп тұруы тиіс.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с) Рамазанда одан да бетер жомарт бола түсетінін аса қадырлы достары – сахабалардан жеткен естеліктерден білеміз. Солардың баршасы осы айдағы көркем садақаның бір түрі таңнан қара кешке дейін Алла разылығы үшін ораза ұстап, ішіп-жеуден, нәпсі қалауына жататын барша нәрседен тыйылған пендеге ауызашар беру екенін, сол арқылы Жаратқан Иеміздің разылығын алу керегін ұғындырады.

Зайд бин Халидтан жеткен хадисте Алла елшісі (с.а.с): ***«Кімде кім бір адамға ауызашар берсе оған ауыз берік адамға берілген сауаптай сауап беріледі. Одан ораза ұстаған кісінің сауабы еш кемімейді»*** – деген. Бұл хадистен Алла елшісінің ауызашар беру арқылы мұсылманды қуандырудың өзі құлшылықтың бір түрі екенін аңғаруға болады.

Жаратқан қасиетті Құрандағы «Фатыр» сүресінің 29-30 аятында: ***«Расында, Алланың Кітабын лайықты түрде оқитын, намазды да кемеліне жеткізіп, үзбей әрі уақытылы оқитын, сондай-ақ өздеріне ризық-несібе ретінде берген нығметтеріміздің бір парасын ізгілік жолында жасырын әрі жария түрде жұмсайтындар әсте зиянға ұшырамайтын берекелі саудаға үміт арта алады»***. ***«Өйткені, Алла оларға тиісті сауаптарын толық береді, оған қоса, оларға шексіз шарапатын төгіп, берер сый-сияпатын арттыра түседі. Алла өте кешірімді, әрбір игілікті ниет пен істің қарымын еселеп, артығымен беруші»*** – деп мұсылман баласын сүйіншілейді. Сол арқылы Жаратушының разылығын іздеген пенде қолындағысын көренеу-көмек жолмен жұмсауы керегін ескертеді.

Байһақидың риуаятында келген хадисте: «Алла елшісі (с.а.с) бір күні Салман Фарсиға: ***«Кім бір адамның ауыз ашуына көмектессе күналары кешіріліп, тозақ отынан азат етіледі. Оған аузы берік адамның сауабындай сауап жазылады, одан ауыз бекіткен адамның сауабы еш кемімейді»*** – дейді. Сонда Салман: ***«Уа, Алланың елшісі егер ауыз аштыруға еш нәрсе таппасақ ше?» – деп сұрайды. Пайғамбарымыз (с.а.с): «Алла ондай сауапты бір жұтым сүт, бір құрма немесе бір жұтым су ұсынғанға да береді. Кім ауыз бекіткен адамды тойдырса Алла оны қияметтің күнінде менің қауызымнан сусындандырады. Ондай адам жәннатта еш шөлдемейді»*** – дегені айтылады. Осыған қарап, сүйікті пайғамбарымыз (с.а.с) айтқандай бір адамға болса да ауызашар беру мұсылманды тозақ отынан құтқарып, күнәсінің кешірілуіне себеп боларын түсінуге болады. Ауыз ашар беруге шамаңыз келмесе бір құрма мен таза су ұсынып сауапқа кенеліңіз! Бұл айда кішкентай жақсылығыңыз, ізгі амалыңыз он еселеп жеті жүз есеге дейін еселенері хақ!

Мұсылман баласы ауызашар беру арқылы ренжіскен екі адамның арасын жақындатып, Алланың мейіріміне бөленетіні анық. Аузы берік бола тұра өзі сияқты жандарға ауыз аштырған адамның еселеген сауап алатынын ескерсек, он шақты адамға ауыз ашар берген жанның сансыз сауапқа кенелетіні осыған дәлел емес пе?!

Жаратқан Раббымыз «Бақара» сүресінің 148 аятында: ***«Әр қауымның бет бұратын құбыласы, ұстанған жолы һәм көздеген мақсаты бар. Ендеше, (сендердің құбылаларың, жолдарың һәм мақсаттарың белгілі, сондықтан жұдырықтай жұмылып) жақсылықта жарысыңдар һәм топ жарыңдар. Қай жерде болсаңдар да, күндердің күнінде Алла бәріңді бір жерге (яғни, ғарасат майданына) жинайды. Шүбәсіз, Алла Тағаланың құдіреті барлық нәрсеге толық жетеді»*** – деп сүйіншілейді әрі ескертеді.

Осы аяты арқылы біздерді жақсылық жасауға, ізгілік жолына шақырған Жаратушы Алла Тағаланың бұйрығын осындай қасиетті айда еселеп атқарып, шамамыз келгенше жақсылық жасауға ұмтылайық, қадірлі ағайын!

Мұхамет ОРДЫБАЙ,
Ескелді ауданының
бас имамы

◆ PAIYM TARAZYSY

ИСЛАМ ҚАНДАЙ ДІН?

Біз зайырлы елміз. Дін мен мемлекет бөлінген. Діни жұмыстар мемлекеттік істерге киліктейді. Бір сөзбен айтқанда, заңсыздықтар орын алмаған жағдайда мемлекет діни істерге араласпайды. Алайда бақылауға, құқылы.

Еліміздің діни қызмет және діни бірлестіктер туралы 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңы 3-бабының 1-тармағында: «Мемлекет дін мен діни бірлестіктерден бөлінген», – деп, 3-тармағында: «Ешбір дін мемлекеттік немесе міндетті дін ретінде белгіленбейді», – деп, 4-тармағында: «Діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында білім беру мен тәрбиелеу жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатта болады», – деп дін мен мемлекеттің ара қатынасы ашық та түсінікті түрде атап айтылған. Сондай-ақ, осы баптың 7-тармағында: «Ешкімнің де өз діни нанымдары себептері бойынша ҚР Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға құқығы жоқ», – деп діндарлардың діни сенімдеріне байланысты ҚР конституциясы мен заңы алдындағы жауапкершіліктерінен бас тартуға болмайтындығы ашық көрсетілген. Әрі қарай, осы 3-баптың 8-тармағының 2-бөлігінде: «Дін мен діни бірлестіктердің мемлекеттен бөліну қағидатына сәйкес мемлекет: діни бірлестіктерге мемлекеттік органдардың функцияларын орындауды жүктемейді», – деп көрсетілсе, 3-бөлігінде: «Егер діни бірлестіктердің қызметі Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмесе, діни бірлестіктердің қызметіне араласпайды», – деп діни бірлестіктердің әрекеті мемлекет заңына қайшы келмесе, олардың ісіне мемлекеттің киліктейтіні, яғни, мемлекет және дін мен діни бірлестіктердің ара қатынасы осылайша айқындалған.

Демек, біздің барлық діни іс-әрекетіміз осы заңда айтылған шектен шықпауы тиіс. Бұл, өз кезегінде ең әуелі ел азаматтарының қауіпсіздігі мен құқығы үшін, еліміздің тыныштығы мен тұтастығы үшін қажет. Бұл ұлттық құндылықтарымыздың қабырғасын қақыратпай, керегесін кеңінен керуіне керек-ақ. Себебі, ұлттық құндылықтарымыз бен дініміз ғасырлар бойы қабысып, қыранның қос қанатындай қатынас қалыптастырғаны айнымас ақиқат. Қапы қалдырары, қазіргі әлемде тұрақсыздықтардың бір көрінісі болып, дін атын жамылған лаңкесшілердің қойылымы арқылы орын алып отырғаны баршаға белгілі. Осындай оспадарлықтың орын алуына жол бермеу үшін, әлбетте, адамдардың діни және саяси сауатты һәм ұлттық құндылықтарымызды қанық білгені абзал. Ал, сауатты адам адасқан ағымдардың арбауына алданып, жетегіне жүрмейтінін өмірдің өзі дәлелдеген акциома.

Дін атын жамылған лаңкесшілерге қарсы күрес туралы елімізде жасалған жоба бойынша атқарылып жатқан іс-шараларды бүкіл ел болып қолдауымыз керек. Төменде осы іс-шаралар туралы қабылданған қаулыға зер салып көрелік, Қазақстан Республикасының діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы қаулы қабылданып, 2013 жылғы 24-қыркүйектегі № 648 Жарлық шыққан еді.

Қазір екінші кезеңдегі жоспармен жұмыс істеліп жатса да, осы аталған бағдарлама өзектілігін әлі жойған жоқ. Қазақстан Республикасының осы бағыт бойынша стратегиясының басымдылық берілген міндеттердің ішінде радикализмнің, экстремизмнің және терроризмнің барлық түрлері мен көріністеріне қарсы іс-қимыл айқындалған. Бұл ретте қоғамда, ең алдымен, жастар ортасында діни экстремизмнің алдын алуды күшейту қажеттілігіне, сондай-ақ конфессияаралық бейбітшілік пен келісім орнаған, діншілдер мен атеистік көзқарасты ұстанған азаматтардың да құқықтары сақталатын және құрметтелетін зайырлы мемлекет – Қазақстан Республикасының дәстүрлері мен мәдени құндылықтарына сәйкес діни сананың қалыптасуына назар аударылады.

Сонымен қатар, қазіргі кезеңде әлемдегі жаһандану процесі мен шиеленісу әлеуетінің өсуі халықаралық және ұлттық қауіпсіздік ахуалына елеулі әсерін тигізіп отырғаны көзі қарақты адамдарға көмескі емес. Діни экстремизм мен терроризм қатері әр мемлекеттің ұлттық мүддесі қорғалу деңгейінің халықаралық қауіпсіздік ахуалына тәуелділігін жоғарылатып, жаһандық сипатқа ие болатыны басы ашық ақиқат. Осындай жағдайларда радикалдық діни идеологияның таралуына мүмкіндік беретін жағдайларды (факторларды) тиімді жою, сондай-ақ экстремистік және террористік көріністердің жолын кесу үшін қолданыстағы жүйе жетілдіруді талап ететіні түсінікті. Ел ішіндегі діни жағдайды талдауға негізделген, діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелеріне маманданған сарапшылар мен ғалымдардың пікірлері мен ұсыныстары ескерілуі керектігі көзделген. Елім-жерім дейтін әрбір Қазақстан азаматы бұл бағдарламаға бей-жай қарамауға тисті. Діни тұрғыдан алғанда Отан алдындағы парызы.

Ендеше, осы елді елеңдеткен экстремизмнің елесі қайдан келді? Бұл күндері діни экстремизім деген терминді білмейтін жан жоқ десек жансақтық болмас. Өкініштісі, ең бейбіт сүйгіш дін Ислам дініне осы жағымсыз, құлаққа түрпідей тиетін «терроризм» термині тіркеліп, есерліктің елесін Исламнан іздеуі дағдыға айналды. Соңғы кездері, дәлірек айтқанда өткен ғасырдың 80-жылдарынан кейін, Ислам дінін ұстанушылар арасында, жоқ жерден жарылыс жасайтын «жиһадшылар» пайда болып, дінімізге қара күйе жағыла бастағаны рас. Ал, мұндай адам өлтіріп, қырғын салу Ислам дініне жат, күнәлі істер қатарына жататыны ислам дінінде анық айтылған-ды. Алла Тағаланың әміріне бой ұсынатын, кез-келген тура жолдағы мұсылман адам ең әуелі қасиетті Құран мен хадиске, қалаберді, ижмағ пен қиястың үкіміне жүгінетіні белгілі. Алайда, осы аят-хадисті қате түсініп, желіккен жастардың жарыққа шыққаны ащы да болса шындық екені шымбайыңа батады. Әрине, олар өздерінің артында бір алпауыт күштердің көмескіден көсеу тастап тұрғанын түсінбейтіні өкініште! Ислам діні аты айтып тұрғандай, бұл дін – бейбітшілік пен келісім діні. Ислам сөзі – бейбітшілік деген мағына береді.

Ислам діні бәз біреулердің бәлдір-батпағында суреттелгендей, сүреңсіздік пен қатығездікке құмар қаруға қолартқан дін емес, керісінше, жамағатын жамандықтан тыйып, жақсылыққа шақырып, қиыс кеткен қисық жолдан қайтаратын хақ дін екенін, қан төгуге қатаң тиым салатын, ізгілік пен ілтипат үстіне құрылып, құтты құндылықтармен қабырғасы қаланғандығын, Исламда адам өлтіру ауыр күнә екенін аят хадистерден анық аңғаруға болады. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне тоқталсақ, Ислам діні мен зайырлы заңымыздағы қағидалар мен нормалардың барлығы адам құқын қорғайтын, тыныштық пен бейбітшіліктің туын көтеруде ортақ пікірге ие екенін ескеру – естілік екені ерекше атап айтылар ақиқат.

Б.ТОҚАЙ

◆ ASTARLY AÑYZ

ОРАЗА ЖАЙЫНДАҒЫ ТӘМСІЛ

Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір күні сахабаларына ораза ұстауды бұйырып, артынша былай деп қатаң ескерту жасады:

– Мен рұқсат етпейінше кешке ешкім ауыз ашпасын!

Елдің бәрі жаппай ауыз бекітіп, ораза ұстады. Кеш түскенде жеке-жеке келіп, ауыз ашуға рұқсат алып жатты. Дәл осы тұста бір кісі жақындап келіп:

– Уа, Расулаллаһ! Екі қызым күні бойы ораза ұстаған еді. Ұялғандықтан өздері келіп сізден рұқсат сұрай алмады. Рұқсат етсеңіз, оразаларын аяқтап, ауыздарын ашса жақсы болар еді, – деп өтініш білдірді.

Алайда рұқсат берілмеді.

Әлгі кісі тағы екі рет келіп рұқсат сұрады. Үшінші рет келгенде пайғамбарымыз:

– Өкініштісі, олар бүгін ораза ұстаған жоқ. Күні бойы «кісі етін жеген» (әркімнің сыртынан өсек айтып, ғайбаттаған) адам қайтіп ораза ұстасын?! Бар да оларға айт: егер ниет етіп ораза ұстағандары рас болса, дереу құсып тастасын, – деді.

Әлгі кісі айтылғандарды қыздарына айна-қатесіз жеткізді. Олар бұйрықты орындап, өздерін күштегенде кесек-кесек қан құсып жіберді. Әлгі кісі келіп бұл жайды пайғамбарымызға білдіргенде, ол:

– Құдіреті күшті Алла Тағалаға ант етейін, егер олар әлгі ұйыған қанды құсып тастамағанда, тозақта күйдіретін от асаған болар еді, – деді.

JADYNAMA

ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

Балқаш-Алакөл облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясының 2022 жылғы №20 н/қ бұйрығына сәйкес Қаратал, Ақсу, Лепсі, Аягөз өзендерінде, Балқаш көліне құятын сағалардан ағыспен жоғары бағытта өзеннің жалпы ұзындығымен және оның негізгі сағаларында балық және басқа да су жануарларының жаппай уылдырық шашу кезеңіне байланысты 15-сәуірден 1-маусымды қоса алғандағы аралықта балық аулауға тыйым салынады. Сондай ақ, 2022 жылғы №28 н/қ бұйрыққа сәйкес Балқаш көлінде 25-сәуірден бастап 10-маусым аралығында балық аулауға тыйым салынды.

Облыс тұрғындарын балық аулауға тыйым салынған мерзімдерде тыйым салынған аумақтарда балық ауламауға және су жануарларын бірге қорғауға ат салысуды сұраймыз!

А.САМЫЛТЫРОВ,
Қаратал балық инспекциясы бөлімінің бас маманы

ESTE SAQTAÑYZ

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАРАЙЫҚ

Дала және орман өрттері адамдардың алаңғасарлық, немқұрайлық және мәдениетсіздік әрекеттерінен басталады. Ойланбай тасталған темекі, сөнбей қалған от – осының барлығы орны толмас үлкен қайғыға соқтырады. Дала және орман өрті туралы ескерту, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау ұқыптылық қана емес, қоршаған орта алдындағы үлкен жауапкершілік Сондықтан, табиғи өрттің алдын алу және материалдық зардап шекпеу мақсатында келесі маңызды ержелерді естеріңізге саламыз: жазғы маусымда құрғақ, ыстық және желді ауа-райында қоқыс қалдықтарын жақпаңыздар, жаққан жағдайда толық сөндіріңіздер.

Егер Сіз, дала өртін немесе жану оқиғасын байқасаңыз, немқұрайлық танытпай, тез арада өрт сөндіру бөліміне «101» телефон нөмірі арқылы хабарлаңыз.

Ақын Сара ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі

JYN

КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР СӨЗ БОЛДЫ

Жуырда бейнеконференция режимінде 2021 жылғы бюджеттің атқарылуы мен 2022 жылға арналған жоспарларды қорытындылау өтті. Жиналыс аясында сақтандырылған адамдарды облыс аумағында қолжетімді және сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз ету, сондай-ақ халықты МӘМС жүйесімен қамту бойынша жұмыс кеңесі өтті. Кеңеске Алматы облысының медициналық ұйымдарының 70-тен астам өкілі қатысты.

Айта кететін жайт, 2020 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда стационарда емделген адамдардың саны 30 пайызға, консультациялық--диагностикалық қызметтер 53 пайызға, жоғары технологиялық медициналық көмек 200 пайызға артты. Сонымен қатар, Қор филиалы медициналық оңалтуды дамыту мақсатында ынталандыруды жалғастыруда, аталған жұмыс аясында амбулаториялық және стационарлық деңгейде 15 мыңнан астам пациент емделді.

Өткен жылы МӘМС аясында сегіз жүзден астам ерлі-зайыптылар "Аңсаған сәби" бағдарламасы бойынша ЭҚҰ-ға квота алды. Бұл бағдарлама бала тапқысы келетін ерлі-зайыптылар үшін үлкен мүмкіндік.

Қор филиалы облыс азаматтарын медициналық сақтандырудың ағымдағы мәртебесін білуге және МӘМС жүйесінде медициналық қызметтерді пайдалануға шақырады.

МӘМС жүйесінде медициналық көмек алу және өзге де туындаған мәселелер бойынша әрқашан келесі қолжетімді ресми байланыс арналары арқылы хабарласа аласыз: 1406 байланыс орталығы, "Qoldau 24/7" мобильді қосымшасы, Қордың сайты www.fms.kz, Telegram-дағы Saqtandyry-bot.

КЕАҚ Алматы облысы бойынша филиалы "Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры"

TYNYS

ПРОТИВОДЕЙСТВИЕ КОРРУПЦИИ

Коррупция как социальное явление в настоящее время продолжает существовать практически во всех странах мира, в том числе и в Казахстане, несмотря на политическое развитие. Коррупция тормозит процесс социально--экономического развития, построения рыночной экономики, привлечения инвестиций. Негативно влияет на политические и общественные институты демократического государства, создает серьезную угрозу будущему развитию страны. Борьба с коррупцией определена в качестве одного из основных приоритетов государственной политики в Казахстане.

Президент К.Токаев утвердил своим указом от 2 февраля 2022 года №802 Концепцию антикоррупционной политики Республики Казахстан на 2022-2026 годы и внесении изменений в некоторые указы Президента Республики Казахстан.

На сегодня в Казахстане усиливается общественный контроль, представленный целым рядом неправительственных организаций. Активно работают национальный превентивный механизм, общественные наблюдательные комиссии. Создан Национальный совет общественного доверия при Президенте Республики Казахстан. В рамках концепции "слышащего государства" сформирована институционально-правовая основа для вовлечения гражданского общества в процессы принятия решений. На электронной платформе "Открытое правительство" создано пять порталов открытых данных: "Открытые бюджеты", "Открытые НПА", "Открытые данные", "Оценка эффективности государственных органов", "Открытый диалог. Эти ресурсы позволяют гражданам участвовать в обсуждении бюджетных программ, проектов нормативных правовых актов, получать статистическую информацию и обращаться к руководителям государственных органов и субъектов квазигосударственного сектора с проблемными вопросами.

Осуществлен перезапуск работы с обращениями граждан путем внедрения специального сервиса "е-Обращение", позволяющего удобно и быстро подавать жалобы, отслеживая их рассмотрение в онлайн-режиме. С принятием Административного процедурно--процессуального кодекса внедрены механизмы защиты прав физических и юридических лиц при рассмотрении публично--правовых споров, а также усилены гарантии участия граждан в процессе принятия решений органами власти. Развивается модель местного самоуправления, основанная на участии граждан в решении важных вопросов регионального значения. Внедрен "бюджет народного участия", позволяющий жителям столицы, городов республиканского и областного значения инициировать проекты по благоустройству, озеленению и санитарной очистке территорий.

По всей стране масштабирован проект "Адалдық алаңы", который позволил выстроить каналы взаимодействия государственных органов с гражданским обществом в вопросах предупреждения коррупции. Казахстан нацелен на переход от рутинного противодействия коррупции к коренному изменению общественного сознания, неприятию населением любых форм коррупции и непотизма, приоритету превентивных мер. Поэтому в любой среде мы должны проявлять общественную активность в пресечении взяточничества и подкупа. Взяточничество негативно сказывается на должном функционировании государственных органов, создает непристойность репутации, опровергает законные принципы, провоцирует нарушение конституционных прав и законных интересов граждан.

А.БАБАЕВА,
Главный специалист районного управления СЭК

TYNYS

ҚОҒАМ ІНДЕТІН БІРІГЕ ЖОЯМЫЗ

Қазіргі таңда мемлекетіміз қарқындап басып, күн санап өркендеп, қанатын кең жайып келеді. Дамуымызды тежеп тұрған - сыбайлас жемқорлық. Еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың негізгі басымдақтарының бірі. Сыбайлас жемқорлықпен күрес көптің белсене ат салысатын ісі. Осыған байланысты әр бір мемлекеттік органдарда оған қарсы әрекеттің іс-шаралар жоспары белгіленіп бекітіледі, сондай-ақ тиісті ауқымды жұмыс атқарылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңды барлық жеке және заңды тұлға назарда ұстауы керек. Мемлекеттік органдармен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті. Сыбайластықпен күресте жазалау шараларымен қатар, құқық бұзушылықтың алдын алуда маңызды екенін назарда ұстаған жөн. ҚР ауылшаруашылық министірлігі агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік инспекцияларымен фитосанитариялық және карантиндік сертификаттарды беру жөнінде тауар тасмалдаушыларға республикадан тыс жерлерге фитосанитариялық сертификат, республика аумағында карантиндік сертификат береді. Мемлекеттік қызмет көрсету тегін жүргізіледі. Фитосанитариялық сертификат (3 бес) жұмыс күні ішінде, карантиндік сертификат (үш) жұмыс күні ішінде рәсімделеді. Рәсімдеу жұмысы төмендегідей жұмыс кестесі бойынша жүргізіледі. Дүйсенбіден жұмаға дейін қоса алғанда сағат 13-00.14-30 дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9-00.18-30 дейін, ал демалыс мереке күндері сертификат рәсімдеу ҚР еңбек заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Н.ИСАҒАЛИЕВ,
аудандық аумақтық инспекциясының басшысы

Қарабұлақ ауылында тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы (кәдеге жарату мен қайта өңдеуді есепке алмағанда)

Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 365-бабының 3) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі №377 «Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы» Алматы облысының Ескелді аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қарабұлақ ауылында тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге (кәдеге жарату мен қайта өңдеуді есепке алмағанда) арналған тарифтер осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы **аты-жөні**

Шешімге №1 қосымша

Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтер Қарабұлақ а. жеке тұлғалар үшін (кәдеге жарату және қайта өңдеуді есепке алмағанда)

№	Атауы	Есептеу бірлігі	Бағасы ай (тенге)
1	Қосымша құн салығын есепке алмағанда, абаттандырылған үй-жайлардың тұрғындары үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тариф	1 тұрғын	202
2	Абаттандырылмаған үй--жайлардың тұрғындары үшін қосымша құн салығын есепке алмағанда тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тариф	1 тұрғын	240

Шешімге №2 қосымша

Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған Тариф Қарабұлақ ауылында заңды тұлғалар үшін (кәдеге жарату мен қайта өңдеуді есепке алмағанда)

№	Атауы	Есептеу бірлігі	Тариф, теңге
1	Қосылған құн салығын есепке алмағанда, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тариф	1 м³	2 400
2	Қосылған құн салығын есепке алмағанда, тұрмыстық қатты қалдықтарды көмуге арналған Тариф	1 м³	384
		1 тонна	1920

Об утверждении тарифов на сбор, вывоз и захоронение твердых бытовых отходов в с.Карабулак (без учета утилизации и переработки)

В соответствии с подпунктом 3) статьи 365 Экологического кодекса Республики Казахстан от 2 января 2021 года, статьей 6 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», приказом Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 14 сентября 2021 года № 377 «Об утверждении Методики расчета тарифа для населения на сбор, транспортировку, сортировку и захоронение твердых бытовых отходов», маслихат Ескельдинского района Алматинской области РЕШИЛ:

1. Утвердить тарифы на сбор, вывоз и захоронение твердых бытовых отходов в селе Карабулак (без учета утилизации и переработки) согласно приложениям 1, 2 к настоящему решению.

2. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на постоянную комиссию городского маслихата по жилищно--коммунальному хозяйству.

3. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Должность **ФИО**

Приложение №1 к решению

Тарифы на сбор, вывоз и захоронение твердых бытовых отходов в с.Карабулак для физических лиц (без учета утилизации и переработки)

№ п/п	Наименование	Расчетная единица	Цена месяц (тенге)
1	Тариф на сбор, вывоз и захоронение твердых бытовых отходов для жителей благоустроенных домовладений без учета налога на добавленную стоимость	1 житель	202
2	Тариф на сбор, вывоз и захоронение твердых бытовых отходов для жителей неблагоустроенных домовладений без учета налога на добавленную стоимость	1 житель	240

Приложение №2 к решению

Тариф на сбор, вывоз и захоронение твердых бытовых отходов в селе Карабулак для юридических лиц (без учета утилизации и переработки)

№ п/п	Наименование	Единица измерения	Тариф, тенге
1	Тариф на сбор, вывоз и захоронение твердо бытовых отходов без учета налога на добавленную стоимость	1 м³	2 400
2	Тариф на захоронение твердо-бытовых отходов без учета налога на добавленную стоимость	1 м³	384
		1 тонна	1920

QŪLAQTANDYRU

ЖАСТАР ПРАКТИКАСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Ескелді ауданы әкімдігінің Халықты жұмыспен қамту орталығы "Кәсіпкерлікті дамыту 2021-2025 ж." ұлттық жобасының үшінші бағыты бойынша, жастар практикасын ұйымдастырады. Халықты жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркелген жұмыссыз жастарды, меңгерген кәсібі (мамандығы) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының түлектері қатарындағы, алдыңғы 3 (үш) жыл ішінде оқуын аяқтаған (2019-2022 жылдары аяқтаған) және 29 (жиырма тоғыз) жастан аспаған жұмыссыздарға мамандықтары бойынша алғашқы жұмыс тәжірибесін меңгеру үшін 8 ай мерзімге жастар практикасын ұйымдастырады. Жастар практикасына үміткер жастар, 2022 жылдың 01-мамырдан бастап жастар практикасына жіберіледі. Құжаттар күнделікті қабылданады (диплом, жеке куәлік, счет Казпочта).

Біздің мекенжайымыз:
Қарабұлақ кенті, Сәтпаев көшесі, № 67, тел: 3-10-09.
Халықты жұмыспен қамту орталығы

OBÄVLENIE

ОРГАНИЗАЦИЯ МОЛОДЕЖНОЙ ПРАКТИКИ

Центр Занятости населения акимата Ескельдинского района, по третьему направлению программы Национального проекта «Развитие предпринимательства на 2021-2025 годы» проводит работу по организации и проведению молодежной практики для выпускников организаций образования с целью получения выпускниками первоначального опыта работы по полученной профессии (специальности). Молодежная практика предназначена специально для безработных зарегистрированных в Центре занятости населения, из числа выпускников организаций образования, реализующих образовательные программы технического и профессионального, послесреднего, высшего и послевузовского образования по полученной профессии (специальности), завершивших обучение в течение 3 (трех) предыдущих лет (закончившие обучение 2019-2022 годы), и не старше 29 (двадцати девяти) лет. Претендетов желающих участвовать на молодежной практике направляем с 01 мая 2022 года на 8 месяцев. Прием документов проводится ежедневно (диплом, удостоверение личности, счет с Казпочты).

Наш адрес:
п. Карабулак ул. Сатпаева 67,
тел: 3-10-09
Центр Занятости населения

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Продам дом с Алдабергеново (Чубар) участок 30 соток, 15 минут от Талдыкоргана. 87759525869

ABAI BOLYŇYZ

ТАҒАМНАН УЛАНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ!

Тағамнан улану – бұл табиғаты микробты және микробсыз болатын, ауру тудырушы микроорганизмдердің немесе олардың әр түрлі токсиндерімен және сонымен қатар улы заттармен ластанған тағамдарды қолдану салдарынан пайда болатын жедел инфекциялық ауру. Ең қауіптісі тағамдық токсикоинфекция және микробты табиғаттың интоксикациясы.

Сапасыз азық-түлікті тамаққа қолдану кезінде, олар дұрыс дайындалмай және дұрыс сақталмаса тағамнан улану – тағамдық токсикоинфекция туындауы мүмкін. Сапасыз өнімдер дегеніміз - түрлі микроорганизмдермен және токсиндермен жұқтырылған азық-түліктер. Жануарлардан алынатын өнімдер ең қауіпті болып табылады (ет, балық, шұжық, консервілер, сүт және одан жасалатын бұйымдар – кремі бар кондитерлік өнімдер, балмұздақ). Әсіресе уақталған ет-паштеттер, фарш, іркілдек оңай жұқтырылады.

Тағамдық улануды алғашқы белгілері тамақ ішкеннен кейін 2-4 сағаттан соң көрінуі мүмкін (кейбір жағдайларда 30 минуттан кейін), 20-26 сағаттан кейін де білінуі мүмкін. Көбінесе бұл токсиннің түріне және дозасына және адамның иммун жүйесінің жағдайына байланысты. Тамақтан улануды болдырмаудың бірнеше, яғни тағамдарды сақтау және дайындаудың қарапайым қағидаларын орындау керек:

қауіпсіз азық-түлік өнімдерін таңдау;

тамақты дұрыс дайындау, тағам дайын болғаннан кейін мүмкіндігі бойынша бірден тамақтану;

жаңа дайындалған тағамдарды кешегі дайындалған тағамдар қалдықтарымен араластырмау қажет, егерде дайын тағам ертеңгі күнге қалған жағдайда, оны пайдалану алдында мұқият термиялық өңдеуден өткізу қажет (қайнату немесе қуыру);

шикі және піскен азық-түлік өнімдері арасындағы байланысқа жол бермеу;

жеке бас гигиенасын қатаң түрде сақтау;

қайнатылған, бөтелденген немесе сапалы, таза ауыз суды пайдалану;

көкөністер мен жемістерді пайдаланар алдында үнемі ағымды сумен жуып пайдалану, ал балаларға қайнатылған сумен жуып беру;

тез бұзылатын тағамды және дайын тағамды тоңазытқышта 2-6 С температурада сақтау;

кремді-кондитерлік өнімді жарамдылық мерзімі өткен соң пайдаланбау;

үйдегі қоқыстарды және тағам қалдықтарын уақытылы шығару.

Қазіргі таңда үй жағдайында тағам өнімдерін дайындайтын жасырын орындардан өндірілген тағам өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасы әлбетте үлкен күмән тудырады. Бұндай тағам өнімдері халық арасында тағамнан улану жағдайының тіркелуі және аса қауіпті эпидемиологиялық ахуал тудыруы сөзсіз. Жоғарыда айтылған қағидаларды сақтай отырып Сіз өзіңізді және туыстарыңызды аурудан сақтайсыз.

Т. ЖАКИШЕВ,
Ескелді аудандық СЭБ бөлімінің бас маманы

TIZGIN

ЖАҢАДАН СУДЬЯ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Қазақстан Республикасының Президентінің 2022 жылғы 26наурызда шығарылған, №845 санды «Қазақстан Республикасының соттарының төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы» Жарлығымен Ескелді аудандық сотына судья қызметіне Ұлан Қырғызбайұлы Мамытбек тағайындалды.

Ұлан Мамытбек, 1988 жылы 6-қаңтарда Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қастек ауылында дүниеге келген. 2012-2014 жылдары Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу Мемлекеттік университетінде заңгер мамандығы бойынша жоғары білім алған. 2020-2021 жылдары Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясының құқық магистрі. 2014-2022 жылдар аралығында сот саласында қызмет етіп келеді, атап айтқанда Алматы облысы бойынша соттар әкімшесінде, Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында, Талдықорған қалалық сотында қызмет атқарған. 2022 жылдың сәуір айынан бастап Ескелді аудандық сотында судья қызметін атқаруда.

Ескелді аудандық сотының ұжымы мен сот төрайымы Гүлжазира Садабаева жаңадан тағайындалған судья Ұлан Мамытбекті тағайындалған лауазымымен құттықтап, мәртебелі де жауапты міндетін адал да абыройлы орындап, сот төрелігін абыроймен атқаруына тілеулестігін білдірді.

Ескелді аудандық сотының баспасөз қызметі.

ÖZEK

ОРАЙЛЫ БАСТАМА ОҢЫНАН ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында 2021 жылдың қаңтар айынан бастап Қазақстанда өкілеттіктерін бөле отырып, қылмыстық процестің үш буынды моделі енгізілді.

Үш буынды модель барлық дамыған елдерде қолданылады. Бұл модельде үш байланыс қылмыстық процеске жауап береді: полиция, прокуратура және сот. Бұл құрылымдар арасындағы өкілеттіктер нақты анықталған.

Үш буынды модель - бұл әртүрлі органдардың 3 негізгі тапсырманы орындауы:

1. Қылмыстық құқық бұзушылықты анықтау, жолын кесу, қатысы бар адамдарды анықтау, дәлелдемелерді жинау және бекіту – сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары;

2. Жиналған дәлелдемелерге тәуелсіз баға беру, негізгі іс жүргізу шешімдерін келісу/бекіту, сотта мемлекеттік айыпты қолдау – прокуратура;

3. Жаза тағайындау, тергеу әрекеттерін санкциялау және сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары мен прокуратураның әрекеттері мен шешімдеріне шағымдарды қарау – сот.

Үш буынды модель кезең-кезеңмен енгізілетін болады. Бірінші кезеңде азаматтардың конституциялық құқықтарын прокурордың мақұлдауынсыз - келісу не бекіту жолымен қозғайтын негізгі процестік шешімдер заңдық күшке ие болмайды. Прокурор қылмыстық істер бойынша адамды күдікті деп тану туралы, күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы, күдіктінің біліктілігін өзгерту және толықтыру туралы, қылмыстық құқық бұзушылықты саралау, тергеп-тексеру мерзімдерін ұзу туралы процестік шешімдерді, қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманы және бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулыны бекітеді.

Қылмыстық қудалау органдарының барлық негізгі шешімдерінің прокурордың келісімінсіз заңды күші мен құқықтық салдары болмайды.

Аудан прокуратурасымен жүргізілген талдауға сәйкес, үш буынды жүйе енгізілген сәттен бастап сотқа дейінгі тергеп-тексеру сапасы айтарлықтай жақсарғаны байқалады.

Ескелді ауданының прокуратурасы

ESKERTPE

АЛАЯҚТАРДАН АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Алаяқтықтың басқа ұрлық түрінен айырмашылығы - қылмыскер адастырған жәбірленуші тарап материалдық пайда алу немесе жағымсыз салдардан аулақ болу үшін қолда бар ақшаны өз еркімен және саналы түрде береді. Алаяқтық әрдайым жәбірленуші үшін ашық, бірақ оны белгілі бір нақты жағдайларға қатысты адастырумен байланысты. Сонымен қатар, алдау, әдетте, бірден емес, уақыт өткеннен кейін анықталады, бұл мүлікті толығымен иемденіп қана қоймай, кейбір маңызды жағдайларды жасыруға мүмкіндік береді.

Телефон алаяқтарының құрбаны болмас үшін қарапайым ережелерді сақтау керек:

ешқандай жағдайда материалдық көмек сұрап телефон қоңырауларына;

есеп айырысу шоттарына ақша аудару үшін сізге қандай да бір ақшалай өтемақы қажет екендігі туралы ақпарат бар қоңырауларды елемеңіз;

сізге белгісіз абоненттердің осы абоненттік нөмірге қайта қоңырау шалу туралы SMS хабарламасын елемеңіз. Сіздің шотыңыздан айтарлықтай ақша автоматты түрде алынуы мүмкін;

балалармен олар бейтаныс адамдармен телефон арқылы сөйлеспеуі, жеке деректер мен мекенжайларды белгісіз адамдарға атамауы туралы ескертіңіз;

Банктік картаны бұғаттау туралы хабарлама алғаннан кейін SMS-хабарламамен көрсетілген нөмірлерге қоңырау шалмаңыз, бірақ банкке «сенім телефоны» арқылы хабарласыңыз, әдетте, ол банктік картаның артқы жағында көрсетілген. «Операторлармен» сөйлескен кезде картаның паролін, оның деректемелерін, жеке деректеріңізді шақырмаңыз: банк қызметкерлерінде барлық қажетті ақпарат бар және ол шот ашқан кезде хабарланады.

Алаяқтық орын алған жағдайда дереу полицияға хабарласыңыз.

Есіңізде сақтаңыз !!! Мүлігіңізді сақтап қалу, өзіңіздің қолыңызда !!!

Ескелді ауданының прокуратурасы

ILKIM

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ АЯЛАУ – БАСТЫ ПАРЫЗ

Табиғат тіршіліктің құт - берекесі. Табиғатты қорғау міндетіміз. Қазіргі кезде экология мәселесі нашарлап кетті. Табиғатты қорғау, сақтау қазіргі жастардың қолында. Қазақ халқында табиғатты құрмет тұтады. Адам табиғаттың патшасы деген ұғым бар. Сондықтан табиғат адам үшін асыл ана. Өйткені адам баласы табиғаттың тіршілігінде өсіп - өніп, жетілген. Табиғат - ырыздықтың, ырыс пен мол қазынасының қайнар көзі, адам денсаулығының сенімді сақинасы. Қазіргі табиғаттың ластануы үлкен мәселе. Бұл барлық дүние жүзінде қарастырылуда. Табиғат - сөз жетпес сұлулық, баға жетпес қазына, көз тоймайтын әсемдік, айтып жеткізе алмайтын қыры мен сыры мол құбылыс болғанымен қазір сол табиғат нашарлап, ластануда соның салдарынан адам өміріне қауіпті жағдай тудыруда. Біз табиғаттағы әрбір жайқалып тұрған ағашқа қамқорлық танытуымыз қажет.

Осы орайда Бақтыбай ауылдық округінің жастар ісі жөніндегі әдіскер нұсқаушысы А.Ешмуханбетова мен С.Сейфуллин атындағы орта мектебінің педагог-ұйымдастырушысы Ж.Латифованың ұйымдастыруымен жас ұрпаққа отансүйгіштік, мейірімділік сезімдерін қалыптастыра отырып табиғатты аялауға, таза ұстауға шақыру. Қоршаған орта, туған жерімізге жауапкершілікпен қарауға үйрету мақсатында «Табиғат тал бесігім» атты шарасы өтті. Шара барысында С.Сейфуллин мектебінің оқушылары Елтай ауылының көше қоқыстарын жинады. «Тазалық бар жерде береке бар» демекші, ауыл тұрғындары мен жастарын тазалық сақтауға шақырамыз.

А.ЕШМУХАНБЕТОВА,
Бақтыбай ауылдық округінің жастар ісі жөніндегі әдіскер нұсқаушысы

ZAŃ SÖILESIN

ӘКІМШІЛІК РӘСІМ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Құқықтың әр саласында заң жобасын кеңінен әрі серпінді жаңарту жағдайында әкімшілік әділет институтын енгізу Қазақстан Республикасындағы әкімшілік реформаның негізгі бағыттарының бірі.

Өткен жылдың 1-шілдесінен бастап ҚР «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» қолданысқа енгізілді. Осы күннен бастап бұған дейін қолданыстағы «Әкімшілік рәсімдер туралы» және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заңдарының күші жойылды. Аталған кодекс мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін, әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастарды, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін реттейді.

Әкімшілік рәсім - әкімшілік органның, лауазымды адамның әкімшілік істі қарау, ол бойынша шешімді қабылдау және орындау жөніндегі, жолданым негізінде немесе өз бастамасы бойынша жасалатын қызметі, сондай-ақ оңайлатылған әкімшілік рәсім тәртібімен жүзеге асырылатын қызмет. Әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті – жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу. Әкімшілік сот ісін жүргізу соттың белсенді рөлі негізінде жүзеге асырылады. Сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелерін, арыздарымен, өтінішхаттарымен, олар ұсынған дәлелдермен, дәлелдемелермен және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қана қоймай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді.

Сот өз бастамасы немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинайды, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындайды. Әкімшілік рәсімде құқықтар мен міндеттерге ие болу қабілеттілігі барлық әкімшілік органдар, лауазымды адамдар, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар үшін тең дәрежеде танылады. Әкімшілік сотта әкімшілік іс талап қою негізінде қозғалады. Егер талап қоюшының құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда, ол әкімшілік актінің толық немесе оның қандай да бір бөлігінің күшін жою талабымен дау айту туралы талап қоя беруге құқылы. Мәжбүрлеу туралы талап қою бойынша талап қоюшы қабылдануынан бас тартылған не әкімшілік органның, лауазымды адамның әрекетсіздігі себебінен қабылданбаған қолайлы әкімшілік актінің қабылдануын талап етуі мүмкін.

Әрекет жасау туралы талап қою бойынша талап қоюшы белгілі бір әрекеттер жасауды немесе әкімшілік актіні қабылдауға бағытталмаған мұндай әрекеттерден қапыс қалуды талап етуі мүмкін. Тану туралы талап қою бойынша талап қоюшы қандай да бір құқықтық қатынастың бар немесе жоқ екенін тануды талап етуі мүмкін. Талап қойылған күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімдерде қаралады және шешіледі. Сот дауды мәні бойынша шешетін сот актісі шешім нысанында шығарылады. Шешім қысқаша нысанда шығарылуы мүмкін. Шешім әкімшілік істі талқылаудан кейін шығарылады және ауызша талқылау аяқталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей дайындалады. Айрықша жағдайларда әкімшілік істің күрделілігі ескеріле отырып, соттың шешімі ауызша талқылау аяқталған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей дайындалады. Шешімді шығару күні болып ауызша іс жүргізу үшін әкімшілік іс бойынша шешім жарияланған күні, жазбаша іс жүргізу үшін соттың шешімінде көрсетілген күні табылады. Заңды күшіне енбеген соттың шешімдеріне әкімшілік процеске қатысушылар апелляциялық шағым беру арқылы апеллияциялық тәртіппен түпкілікті нысанда шешім шығарылған күннен бастап екі ай ішінде шағым жасауы мүмкін.

А.КАНАПЬЯНОВ,
ҚР Бас Прокуратурасының жанындағы
құқық қорғау органдары академиясының тыңдаушысы

ОБЪЯВЛЕНИЕ

В связи с утерей государственного АКТа №016169, выданному по решению акимата Ескельдинского района №1-415 от 30.12.2000г. кадастровый номер 03-264-080-142 531, 5 га считать недействительным.

TARAZY

ДАРА ДА ДАНА ДАЛА ЗАҢЫ

Ежелден-ақ ешбір том-том кодекстері болмаса да қазақ халқы әдет-ғұрыппен тентегін тезге салған. Осындай жолмен ел ішінде тәртіп орнатып, адамдар арасында әділдік сақталды. Бұл заңдылық әсіресе Тәуке ханның тұсында жақсы көрініс тапты.

Бұған XVII ғасырдағы Тәуке ханның «Жеті жарғысы» дәлел. Ол – сол кезеңдегі қазақ хандығының ыдырау қаупіне байланысты дүниеге келген еді. Бұл – алауыздық пен таққа таласушылық қарапайым халықты діңкелеткен тұс. Ел басына түскен қиыншылықты ойлаған әз-Тәуке елдің ауызбірлігін арттыратын тиімді жол іздеді. Сондай-ақ ол хандық билікті жетілдіруге де күш салды. Тәуке хан өзіне дейінгі дәстүрлі әдеп-ғұрып заңдары мен хандарының қабылдаған «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолын» дамыта отырып, жаңа заң жүйесін жасап шығаруды ұйғарды. Ол үшін үш жүздің ақсақалдары мен көсем, би-шешендерімен мәмілелесті. Олардың арасында исі қазақ ардақтаған Төле би, Қаз дауысты Қазыбек пен Әйтеке билердің болғаны тарихтан белгілі. «Күлтөбенің басында күнде жиын, күнде той» демекші, Тәуке ханның «Жеті жарғысы» да осы тарихи мекенде қабылданды. Елдегі талас-тартыс, дау-дамай мен түрлі жанжал айтулы жарғыға сүйене отырып шешілетін болды. Мұнымен қоса, саяси мәні бар мәселелер де жарғы аясында өз шешімін тапты. Жарғының күші Қазақ хандығы билігінің күшейіп, дәуірлеуіне де өзіндік ықпалын тигізді. Қабырғалы құжаттың өміршеңболғаны соншалық XX ғасырдың басына дейін қазақ даласы жеті жарғымен өмір сүріп келді.

Қазақ даласында қашаннан талас тудырған: құн дауы, жесір дауы, отбасы және неке заңы, қылмыс пен ұрлық-қарлық, тонаушылық, тағы басқа заң бұзушылық ғұрып заңдылығы негізінде бір арнаға тоғысты. Жарғы – әділдіктің ақ туындай болды. Міне, содан бері де ұлы қазақ даласы Әйтеке бабамыздың: «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген ұранын бүгінгі күнге дейін күн тәртібінен түсірген емес. Қанша ғасыр артта қалса да әйгілі бидің әйгілі нақылы өз күшінде. Бишешендеріміз қандай да бір заң бұзушылық кездескенде «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деп, әділетті шешім қабылдап, қара қылды қақ жара білді.

Өткенге ой тоқтатсақ, қазақта ауыр қылмыс жасағанда: қасақана кісі өлтіру, әйел зорлау, мертіктіру, тағы басқа жағдайда екі түрлі өлім жазасы кесілген. Бірі – дарға асу болса, екіншісі – тас атып өлтіру жазасы. Халқымызда: «қанға – қан, жанға – жан» ұғымы болды. Десек те, бірқатар жаза өзге елден де келгенін айта кету керек. Соның бірі – зындан. Ескерерлігі, ұлан-ғайыр даламызда зынданға тастау болмаған. Қазақ халқы, ата-бабамыз өз бауыры мен перзентіне қарсы зындан қазбаған. Рас, қылмыс жасап, аяғын шалыс басқанға түрлі шара тағайындалған. Кей жағдайда жаза құн төлеумен жеңілдеп отырған. Мысалы, хан, сұлтан, пір-әзірет қастықпен өлтірілсе, олардың әрқайсысына жеті кісінің құны төленетін. Өгізге байлап өлтіру, ат пен түйеге керу, арқан байлап, атқа сүйретіп өлтіру жазасы төрт түлігін өрбіткен бейбітсүйгіш қазақ үшін жат. «Қыз Жібек» көркем фильмінде Төлегенді қапы қалдырған Бекежанға «Қара жебе» жазасын қолданады. Бұл сатқындықтың әділ жазасы. Ғашық сезімі көзін байлаған Бекежанды Жібектің алты ағасы алтын жағынан қоршап, жебені жерге қадайды. Мұнан соң жебенің басын түйістіріп тас етіп байлайды. Тасадан тас атқан сатқынның жазасын осылай береді. Қажет болса, жеті жарғыда туған баласы ата-анасын ренжітсе, я болмаса оған қол жұмсаса – онда ата-ана баласын өлтіремін десе де ерікті, сұраусыз болған. Кәмелет жасына толған баласы туған ата-анасына тіл тигізсе де – қара сиырға немесе қара есекке теріс мінгізіп, ауылға келеке ететін болған. Ұрлық-қарлыққа да құн төлету арқылы жаза берілген. Ұрлық жасаушыдан айыр түйеге – нар, атқа – аруана, тайлаққа – атан, тайға – ат, қойға – тана талап етілген.

Адам – тағдырды қолдан жасай алмайды. Ол Алланың бұйрығы. Алайда, сапалы өмір сүруге талпыну – адам баласының асыл борышы. Өмір – адамға бір-ақ рет берілетін байлық. Сондықтан оны бақытты, мерейлі өткізгенге ештеңе жетпейді. Бір күнгі сүрінген аяқтың мың күндік азабы болатынын ұмытпағанға не жетсін.

Д.КЕЛІМБЕТ

КӨМБЕ

«ЖЕТІ АТА» ТУРАЛЫ

Халқымыздың «жеті ата» туралы, оның мәні жайлы білмейтін қазақ сирек болар. Менің де біршама мағлұмат түсінігім бар. Әйтсе де, азын-аулақ білгенімді ортаға салып көсемсігім келмейді, неге десеңіз, оның бәрін қайын атамнан үйренгендерім. Ол кісіден асырып бәрібір айта алмас едім. Сондықтан «жеті ата» жөнінде атаның өзі айтқан әңгімеге назар аударыңыздар:

– Халқымыздың ертедегі дәстүрі бойынша әрбір қазақ өзінен бастап жеті атасына дейін жетік білуі міндетті еді. Ата-ана мұны баласының тілі шыққан соң үйретуі парыз саналып, отбасылық тәлім-тәрбиенің әліппесі, негізі болған. Тек ата-анасынан ерте айырылған жетімдер мұндай тәлімнен құр қалған. «Жеті атасын білмеген – жетімдіктің салдары» деген осындайларға қарата айтылған. Ал әке-шешесі бола тұрып жеті атасын айта алмайтындарды «жеті атасын білмеген – жетесіздік» деп айыптаған. Әрбір қазақ жеті атасының өмір жолын білу арқылы кем дегенде екі ғасырлық мағлұмат алады, ұрпақ жалғастығының ізі, сүрлеуі сақталады. «Жеті атасын білген ер жеті жұрттың қамын жер», «Жеті атасын білген ұл жеті рулы елді билер» дегеннің мәні – тамыры ұзылмеген бауырластық, қандастық қасиетін айтқанында.

«Жеті атаның» өз атаулары бар. Төменнен жоғары қарай – бала, әке, ата, баба, арғы ата, түп ата, тек ата деп аталады. Ал жоғарыдан төмен қарай – әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат. Ары қарай жүрежат, жекжат, жұрағат, қаймана деп кете береді. Қазақта туыстықтың шегі жоғарыдағы «жеті атамен» аяқталады. Мұның да өз жөн-жобалары бар. Жеті атаға толған соң «жеті атаға толыстық, жеке ел болыстық» деп жар салып, жеті жұрттың белгілі адамдарын куәлікке арнап шақырады. Құдайыға боз бие сойылып, қанына қолдарын малып, «араларымыз алыстамасын, бұрынғы бауырлардай тату-бірлікте болайық» деп баталасады. Ала арқан кесіледі. Ұраны мен ен-таңбасы белгіленеді. Осылай «ендігі жерде құдалыққа жол ашық» делінеді. Алайда, қалай айтсақ та, қазақтың тарихи жады, санасы біржола жойылмай, қандасты, бауырластықты ұзағырақ сақтап ардақтайды, құрметтейді. Мен сіздерге нақты мысал айтайын. Біз былай тараламыз – Дулат, Шымыр, Бекболат, Шілменбет, Құли, Амалдық, Алдаберген, Баубек, Үсен, Әжі, Бақтияр, Әділ, Имаш, Момыш, Бауыржан, Бақытжан, Ержан. Дулат бабамнан Ержанға дейін он бір ата, білақ Құлилар әлі қыз алыспай бауыр-туыс болып жүр.

Қазақ салтында жеті атаға толмай тұрып құдандалы болу, ерлі-зайыпты болу тұқымбұзушылық, қан аздырушылық болып қатаң жазаланған. «Шариғат жолы ерік берді екен» деп ұлттық қасиетін, дәстүрін аттап өтіп, ғашықтық сезімі жеңген Қалқаман-Мамыр, Еңлік-Кебектердің жазаға тартылуы қатал болғанымен, кейінгі індеттей жайылмаудың жолы болатын.

Қазақтың «жеті аталық» дәстүрін қазір ғылым да толық мойындады. Бір кезде «оқымаған», «қараңғы», «надан» деп айдар тағылған қазақтың ақылына, ой-өрісінің биіктігіне бүгінде ғалымдар таңғалып отыр. Неге? Өйткені жеті атаға толғанша қан сәйкестігі сақталып, сегізіншіге жеткенде сол қан сәйкестігі жойылады екен. Ал қандастық, қан тазалығын сақтауды ата-бабам баяғыдан-ақ білген ғой. Ғылым оны енді дәлелдеп отыр. Сөздің қысқасы, «жеті аталық» дәстүрді туыстық мейірімнің ұзақ уақыт жалғасатын тірлігі мен бірлігін бұзбауға, тұқымды пәкс ақтауға жасалған ережезаңы деуге болады. Бұл аталас адамдар арасындағы ар-ұятты, адамгершілікті адал ұстаудың тұрақты жолы екенін көрсетеді,– деп еді ата.

«Күретамыр» Зейнеп АХМЕТОВА

PAIYM

РАХМЕТТІҢ ҚҰНЫ ҚАНША?

Расында, рахметтің құны қанша дегеннің өзі қызық сұрақ. Өйткені нақты құны жоқ, саналық сыйластықтың сипаты секілді. Жасыратыны жоқ, кешегі социализм заманында рахметтің берекесі бар еді. Бір ауыз жылы сөз арқылы ықыласқа ықылас қоятын. Қазір құны қайтқандай, құты қашқандай. Ризашылықтың жеңіл түрі, не белгісі іспетті. Неліктен бұлай? Мәселе осында.

Бүгінгі уақыттың болмысы мүлдем басқа, сатулы, пұлдық пиғылға дендеп кеттік. Сүт сатпаған қазақ су сатуды да үйренді. Нарыққа бейімделу тек ақшамен өлшенетін сана мәдениетін қалыптастырды. Қандай жолмен болсын, тамақ тоқ, тәуір тіршілік кешсе сол тәубеге айналды, мейлінше, ар-ұяттан гөрі ақша тапқан анағұрлым олжалы саналды. Жеке жауапкершіліктің аманатын арқасынан сылып алып, жеңіл табысты жөн көргендер жолы болғыш келетін сияқтанып тұр. Әлі де солай. Әупірімдеп әрекет еткеннің ғана құдайы аузында.

Сәл ғана шегініс жасайық. Алдымен, елде жекешелендіру жүрді, жер бөлістік. Дүниеге тартыс басталды. Жұдырықтай жұмылып, айрандай ұйыған ағайын бір демде өзгеріп салды. Бұрынғыдай туған-туысқа шарашара сары майын дымсыз сыйлай салатын әдепті едік, енді ақы сұрайтын ағайынға айналдық. Бір кездері өзбекке күлгенбіз. Баласы әкесіне қарызға ақша береді екен деп. Қазір өзімізге-өзіміз таңданбайтын болдық. Өйткені өзбектен де өтіп кеттік. Қарыз береміз, уақтылы қайырмаса, соққыға жығамыз, сотқа жүгінеміз.

Бабалар өтті бағалы. Бір рахметтің қуатымен айшылық жерге ақысыз жеткен. Бейтаныс ортаға да еркін сіңіп, құдайы қонақ болды, құрмет арттырды. Бірақ мұнысына ешкім көк тиын төлеген емес. Ұлттық дархан пейілдің ұлағатына жатқыздық. Осындай озық орнымызды, пақырдан бақыр тиын тілемей, қанағат тұтқан халық екенімізді талай ұлт тамсана айтты. Орыстар қазақ демократиясы сонау Абай заманында басталған деді: «Қазақтар үйдің есігіне құлып ілмейді, бір-біріне жамандық ойламайды, бейтаныс ашқұрсақ адам үйге еркін кіріп аштығын, шөлін басты, бөгде затқа тиіспеді» деп суреттеді сонда. Бұл сана тазалығы, жомарттығы, жат әдетке жуымаған жайсаңдығы жарқын уақыт еді. Осылай шіркін дейтін заманды басып озып, құлқын дейтін қоғамға құмар болдық. Қазір құлпыртып бай-манапты, би-билікті парасат иесіне балаймыз. Шын мәнінде, парасаттылық жүректе!

Бала күнімде бір әңгіме естігенмін. Сол еске түсіп, баяндауға бекіндім. Үш дос қажылыққа жиналып, ұзақ уақыт дайындалған екен. Содан бүгін-ертең жолға шығамыз дегенде үшеудің бірі көршісінің ризашылығын алмақ болады. Көршінің үйіне кірсе отана шеттей бала-шағаға тамақ таба алмай қысылып отыр екен. Мына жағдай жайдары көңілін су сепкендей басты. Сөйтті де қажылық сапардан бас тартты. Сапарлас екі досына: – Көршім аш отырып, менің Меккеге жол тартқаным жараспайды, онан да жиған-тергенімді сол отбасыға берейін, – дейді.

Ал, қасындағы екі кісі қажылыққа кетіп, тиісті міндеттерін орындады. Ең қызығы сол, қажылық парызды өтегендер қатарында әлгі ауылда қалған досының да аты аталады. Сауап жасаған адамға тәңірдің рахымы мол түсетінін білген ел кемтар-кембағалға жақсылық жасауды парыз санапты. Рахмет естуге құштарлық артыпты.

Ойды ой қозғап кетті. Тағы бір тағылымды оқиға ойға оралды. Бір жолаушы келе жатып, кенет бір сандыққа кезігеді. Қызығып кеп ашып қалғанда ішінен алып жылан шыға келеді. Ғайыптан тіл біткен жылан: «Мен сені жұтамын» деп айбат көрсетеді. – Асықпа, – дейді жолаушы, – анау көрінген топ адамнан ақыл сұрайық, солар не айтар екен? Бәлкім, солардың әділ сөзінен кейін-ақ жұтсаң үлгересің.

– Жарайды. Дегенің болсын.

Алайда әлгі отыз адам жолаушыға тіпті жақындаған да жоқ. Байқамаған болды да өте шықты. Жолаушы үнсіз қалды. Құдайдың қарасқаны ма, артынан тағы бес кісі келе жатты. Енді осы топқа үміт артты. Бұлардың да қарасы батты, қайрылмады.

Өлген жерім осы шығар деп дегбірсізденген жолаушы артына көз жіберіп еді, бір кісінің төбесі шалынды. Соңғы үміт деп соны күтті.

Ол ақсақ екен, аяңдап қасына келді. Құр келмеді, бірден жыланға бағыттап сөз бастады.

– Уа жылан, үлкендігінді көріп тұрмын. Бірақ осындай үлкен жылан кішкентай сандыққа қалай сиғанына қайранмын, — дейді сонда.

– Сен сенбей тұрсаң-ау, онда көргейсің, — деп жылан сандыққа кірген бойда аузын тарс жабады. Осылай жолаушыны өлімнен құқарады.

Сөз болған әлгі жолаушы дінге мойынбұрмаған кісі екен. Отыз адам – оның отыз күн оразасын, бес адам – бес уақыт намазын білдірсе керек. Олардың қайырылмаған себебі ораза да ұстамаған, намаз да оқымағаны. Өмірінде бір рет ғана жарты нанды садақа қылған екен. Ақсақ кісі сол жарты нанның несібесі, ажалдан араша болып тұрған. Қазақтың «садақаны сауында бер» дегені осы ғой.

Жалпы, Рамадан айы Аллаһтың рахметін шашқан ай саналады. Соған сай хадисте: «Рамадан айының басы – рахмет, ортасы – мағрипат, аяғы – күнәдан тазару» делінген. «Алғашқы он күнде – Аллаһтың рахымы түседі, ортадағы он күнде – Аллаһ жарылқайды, соңғы он күнде – Аллаһ құлдарды азат етеді», – дейді. Шындықтың шырыны осы. Алланың сөзі рас, өзі рас.

Ескі көздер «бір алғыс мың қарғыстың бетін қайтарады» деп жататын. Тәйірі, қарғыс алмай, алғыс алғанға не жетсін, көмекті пұлдамай, жүректен тек жылы сөз, рахмет деген риясыз көңіл ақтарылса деймін. Асылы, рахметтің құны қанша тұрады екен, ә?!

М.КЕМЕҢГЕР

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор Жанахмет Мырзахметұлы ИСАБАЕВ.
Директордың телефоны 3-04-75
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru
Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген.
Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Дәуір» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ны баспаханасында басылады. Баспахананың мекен-жайы: 050044, Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 3050
Тираж 3050
Тапсырыс 1052
Көлемі 2
баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции.
Компьютерная верстка Е.ТКАЧЕНКО.